



БАЛДӘУРЕН ШАҚТЫҢ БАҚЫТТЫ СӘТІ

8 БЕТ



ШЫҢҒЫС ШУАҒЫ

10 БЕТ



БЕРЕКЕЛІ МЕРЕКЕ

16 БЕТ



АЛМАТЫМЕН БІРГЕ ЖАҢАРАМЫЗ

«Almaty Aqparat» медиахолдингінің жаңа трансформациясы

Соңғы жылдары отандық ақпараттық кеңістікте өз орнын айшықтаған медиахолдинг жаңарған жаңа атаумен дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. «Alatau Aqparat» медиахолдингі ресми түрде «Almaty Aqparat» болып өзгерді. Холдинг «Almaty aqshamy», «Вечерний Алматы» газеттері, aqshamnews.kz, vecher.kz және alnews.kz желілік басылымдар, сондай-ақ барлық әлеуметтік желілердегі танымал парақшаларды біріктіріп отыр.

Бірнеше БАҚ-тың басын қосқан медиахолдинг Алматы қаласының ірі ақпараттық орталығы ретінде 2020 жылы «Alatau Aqparat» деген атаумен құрылған болатын. Содан бері мегаполистің даму динамикасын, экономикалық тынысын, әлеуметтік аяқ алысын, берісі – қала халқына, арысы – тұтас республикаға жеткізіп келеді. Кейінгі жылдары заманауи медиакеңістіктің суранысына сай трансформацияланып, біртұтас экокүйе қалыптастырып, мультимедиа бағытында да, жоғары жетістіктерге де қол жеткізді.

Елімізде Алатау деген жаңа қала құрылып, осыған ұқсас атаумен түрлі мекеме, компания, орталықтардың көбеюі аудиторияның жиі шатасуына алып келді. Оның үстіне медиахолдинг атауы ресми құжат бойынша «Alatau Aqparat» болып латын қарпінде де қате жазылған. Осындай себептерге байланысты Алматы қаласының басты ақпараттық орталығы ретінде медиахолдинг өз атауын «Almaty Aqparat» деп өзгертті.

«Almaty Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлының

айтуынша, бұл қадам медиахолдинг үшін атауын ғана өзгерту емес, жаңарған мегаполиспен бірге жаңарып, түлеудің көрінісі. Оның сөзінше, Алматы қаласы басшылығының және Мәслихаттың қолдауы медиахолдингі заманға сай түлетуге мүмкіндік беріп отыр.

Заманауи медиа нарықтың талаптарына сай медиахолдинг өткен жылы жаңа подкаст студиясын іске қосты. Жобаның басты мақсаты – дәстүрлі журналистиканың үздік тәжірибесін жаңа медианың мүмкіндіктерімен ұштастыра отырып, кең аудиторияға әртүрлі форматтағы сапалы контент ұсыну.

«Қазақи әңгіме», «Кәсіпкерден кеңес» секілді жобалармен қоса, «Қалайсың?» подкасты ашылды. Подкаст студия түрлі сала өкілдерінің басын қосатын, жаңа жобаларға жол ашатын шығармашылық алаңға айналуы мақсат етеді.

Ақпарат таратудағы заманауи тәсілдерді енгізіп, мультимедиялық контентті дамыту және аудиториямен байланыс орнатудың жаңа тетіктерін пайдалану – медиахолдингінің негізгі басымдығы болып қала береді.

«Aqshamnews.kz және vecher.kz сайттары – Алматының басты ақпарат көздері. Жақында Aqshamnews-тің Instagram желісіндегі оқырман саны 100 мыңға жетті, TikTok платформасындағы аудитория да күн сайын өсіп келеді. Алдағы уақытта мультимедиялық контенттерді арттырып, студия жұмысын күшейтуге басымдық беріледі. Қала тынысындағы өзекті тақырыптарға арналған подкасттар дайындалып, жаңа медиажобалар іске қосылмақ. Тағы бір басым бағытымыз – әлеуметтік желідегі аудиторияны кеңейтіп, белсенділікті арттыру. Қазіргі таңда қазақ және орыс тілінде он әлеуметтік желі парақшасы жұмыс істейді. Жалпы, әлеуметтік желілерде 300 мыңнан астам жазылушы бар, жыл соңына дейін жарты миллиардқа жеткізу мақсатымыз. Осы платформалардағы жалпы қаралым санын 2 миллиардқа жеткізу жоспарда бар», – дейді «Almaty Aqparat» медиахолдингінің креативті директоры Куаныш Ермекова.

«Almaty Aqparat» халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге де баса мән беріп келеді. Айталық, Түркия, Қырғызстан және Әзербайжан елдерінің ақпараттық орталықтарымен өзара әріптестік туралы меморандумдарға қол қойылды. Сол арқылы тілшілерді шетелдерден тәжірибелерден өткізіп, түркі әлеміндегі ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға да өз үлесін қосуға көңіл бөлінуде.

(Жалғасы 2-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТІРЕГІ

Мәжіліс конституциялық заңдарды сапалы әрі уақытылы қабылдады



22 мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Ерлан Қошанов Президентке конституциялық реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бойынша Мәжілістің атқарған қызметі туралы мәлімет берді. Мәжіліс Спикерінің айтуынша, Парламент жаңа Ата Заңның нормаларын іске асыруға жол ашатын жеті конституциялық заңды сапалы әрі уақытылы қабылдады. Олардың ішінде «Президент туралы», «Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Халық Кеңесі туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» және басқа да конституциялық заңдар бар.

Жаңа Конституцияға сәйкестендірілді

20 мамырда Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтті. Онда депутаттар Президент туралы, Құрылтай туралы, Қазақстан Халық Кеңесі, ата-наның мәртебесі, елдің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы конституциялық заңдарды, сондай-ақ заңнамалық актілерді Конституцияға сәйкес келтіру, сайлау және прокуратура туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша түзетулер енгізу туралы Конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады.

• Жаңа Конституцияға сәйкес әзірленген «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасын депутаттарға Мәжіліс депутаты, бірлескен комиссияның төрағасы Үнзила Шапақ таныстырды. Оның сөзіне сәйкес, заңның мынадай ерекшеліктерін баса айтуға болады: Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам мен азаматтың

құқықтары мен бостандықтарының символы әрі кепілі болып қала береді;

• Президентке Бас Прокурорды, Конституциялық Сот, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Жоғары аудиторлық палата, Орталық сайлау комиссиясы, Ұлттық Банк төрағаларын, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді және Мемлекеттік күзет қызметінің бастығын, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесінің ұсынысы бойынша Жоғарғы Сот төрағасын тағайындау құқығы бекітілді.

• Құрылтайдың келісімі бойынша Президент Вице-президентті, Премьер-министрді, Конституциялық Соттың 10 судьясын, Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесін, сондай-ақ Жоғарғы Соттың судьяларын тағайындайды және сайлайды. Ескі конституция бойынша Сенат немесе Мәжіліс келісімі қажет болатын.

«Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасын Мәжіліс депутаты, бірлескен комиссияның төрағасы Марат Башимов

таныстырды. Мәлім болғандай, Құрылтай бес жыл мерзімге сайланатын жүз қырық бес депутаттан тұрады. Ескі конституция бойынша Мәжіліс 98, Сенат 50 депутаттан құрылған. Мәжіліс депутаттары Жаңа Конституциядағыдай 5 жыл мерзімге сайланған. Бұған қоса, Құрылтай төрағасының үш орынбасары болады, оларды депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай сайлайды. Ал Мәжіліс пен Сенат төрағаларының әрқайсысының екі орынбасары бар.

Мәжіліс IV сессияны нәтижелі аяқтауда

Мұны қабылданып жатқан заңдар мен депутаттардың белсенділігінен көруге болады. Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың сөзінше сессия басталғалы бері 89 заң қабылданып, Сенатқа жолданған. Олардың арасында Құрылыс, Цифрлық кодекстер, жасанды интеллект, банк және банк қызметі, құқықбұзушылықтың алдын алу, Қылмыстық және Қылмыстық-процессуалдық кодекстерге өзгерістер енгізу, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік наградалар, ғылым мәселелері, педагог мәртебесін көтеру, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, жеке сот орындаушылар қызметі және басқа да заңдар бар.

Қазір депутаттардың қарауында 80 заң жобасы жатыр. Олардың қатарында жаңа Конституция қабылдауға байланысты рақымшылық жариялау, жол қозғалысындағы цифрландыру мен қауіпсіздік, жергілікті өзін-өзі басқару, телекоммуникация нарығын дамыту, машина жасау саласын дамыту, техникалық және кәсіптік білім беру, нотариат және басқа да мәселелер туралы заң жобаларын айтуға болады.

Ерлан Қошановтың айтуынша, Мәжіліс сессия соңына дейін мынадай шаруаны атқаруды жоспарлап отыр:

• Жоғары аудиторлық палата төрағасының ғылымды дамытуға бөлінген қаржыны орынды жұмсау туралы есебін тыңдау;

• Былтырғы республикалық бюджетті игеруге қатысты Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есебін тыңдау;

• Депутаттардың аймақтарға сапары кезінде сайлаушылар тарапынан түскен өтініштердің нәтижелері бойынша Үкіметтің ақпаратын тыңдау.

Пердехан ШӘМШИЕВ.
Сурет: Мәжілістің баспасөз қызметінен.

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Түлесек те түбірімізден ажырамаймыз

Аса мәртебелі оқырман! Бүгін сіздердің қолдарыңызға газетіміздің жаңа саны тиіп отыр. Уақыт көшіне ілесе қаламыз күн сайын жаңарып, жаңғырып келеді. Шырайлы шаһардың тынысы кеңіп, ырғағы үдей түскен шақта «Алматы ақшамы» да қаламызбен бірге жаңа бет-бейнеге ауысты. Патша көңілді оқырман мұны сыртқы келбеттегі жаңару ғана емес, жаңа леп пен заманауи контент үні ретінде қабылдайды деп сенеміз.

Бұған қоса, газет беті бірқатар жаңа айдарлармен толықты. Әділетті Қазақстан құру жолындағы мемлекеттік саясатты ақпараттық қолдау бағытында «Әділетті Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан», «Зерделі ұлт»; шаһардың тыныс-тіршілігіне арналған «Qala Life», «Қала күнделігі», «Мегаполис»; руханият пен ғылым тақырыптарына арналған «Абай даңғылы» және «Әл-Фараби даңғылы» сынды айдарларын ашты. Бір кезеңде оқырманға етене жақын «Ақшам» арқылы айтамыз» арнайы беті мен «Тұрғындар тілегі» атты жаңа айдар арқылы оқырманның ой-пікір, ұсыныстарын жеткізуге мүмкіндік ұсынбақпыз.

Әлбетте, «Алматы ақшамы» түлегенімен, түбірінен ажырамайды. Себебі, бұл басылым – талай буынның көз алдында парақталып, қала тарихын хатқа түсірген шежірелі шаңырақ. Қазақ журналистикасының қабырғалы мектептерінің бірі ретінде редакцияның өзіндік дәстүрі, мызғымас тарихи миссиясы да қалыптасқан. Оның әрбір бетінде Алматының өткені мен бүгінгі, арманы мен ақиқаты айқын сайрап жатыр. Бұл біз үшін – баға жетпес мұра, қадірлеуге тиіс құндылық. Біз өзімізге дейінгі аға буынның осы енегелі ізін сақтай отырып, қазіргі ақпарат кеңістігінің сұранысына сай жаңғыруды көздейміз.

«Almaty aqshamy» мегаполистің бас басылымы ретінде жаңа логотипін баспа басылымдарының қазіргі стильдік беталысына қарай бейімдеді. Ондағы қаламұшына ұқсас ұлттық нақышта елдің мәдени-рухани орталығы саналатын Алматының айрықша орны, шоқтай жанған шаһар рухы айшықталды. Ақшамда жанған шамшыраққа да ұқсас бұл элемент айбынды да, асқақ Алатаудың бауырындағы «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» сынды көзге шоқтай басылып, басылым ұранын да еске салады.

Цифрлық дәуірде ақпарат ағыны жылдам өзгергенімен, дәстүрлі медиа, сенімді ақпарат көзі ретінде өз маңызын әлі де сақтап келеді. Міне, сондықтан да бүгінгі «Almaty aqshamy» қаланың соққан жүрегін сезінетін, оның даму динамикасын дәл басып, беталысын бағамдайтын басылым болуға ұмтылады. Біз сүйікті қаламыздағы әрбір жаңа нысанға, әрбір игі бастамаға, әр азаматтың тағдырына бей-жай қарамаймыз. Қала тынысын, елдің дамуын, бірлігі мен берекесін насихаттауды басты ұстаным ретінде жалғастырамыз. Бірақ мұны бүгінгі заманның контентімен, цифрлық дәуірдің өрнегімен, сіз бен бізге түсінікті тілмен жеткізуге күш саламыз.

Естай БОЖАН.

Алматымен бірге жаңарамыз

«Almaty Aqparat» медиахолдингінің жаңа трансформациясы



(Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта медиахолдинг орналасқан ғимаратта күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл салынғанына жетпіс жылға жуық болған нысанның алғаш рет толық жаңартылуы. Редакция меңгерушісі Сағит Қайыржанұлының сөзінше, нысанда ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары қатар жүргізіліп жатыр. «Шатыры, есік-терезелері толық жаңарады, инженерлік коммуникациялар ауыстырылады. Ішкі аула да абаттандырылып, ғимарат толық заманауи талаптарға сай жабдықталады», – деді ол.

Бұл өзгерістер шығармашылық ұжым үшін заманауи әрі жайлы жұмыс ортасын қалыптастырып, жаңа медиа жобаларды жүзеге асыруға кең мүмкіндік бермек.

Жуырда «Вечерний Алматы» газетін 90 жылдық мерейтойымен құттықтаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медиахолдингтің заманға сай дамып келе жатқанын айрықша атап өткен болатын.

Жаңа атау, жаңа жобалар, заманауи технологиялар мен кәсіби ұстанымдарға негізделген бағыты «Almaty Aqparat» медиахолдингінің ақпарат кеңістігіндегі орнын нығайтып, шаһардың тыныс-тіршілігін сапалы әрі жедел жеткізетін жетекші медиаплатформалардың бірі ретінде жаңа серпінмен дамуына жол ашады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ҚАЛА БАЛЛАДАЛАРЫ

Алматы көшелерін кезген тұрғындардың көңілі шат. Ескінің өнегесін, жақсының жарасымын, жайдары жұртын, жайқалған бағын өн бойына тоғыстырған қаланың келбетіне қарап ерекше сезімге бөленесің, жұқалтаң жаныңа тіршілік жаршысы болған жұмбақ құс келіп ұя салғандай күй кешесің. Алматының әлем қалаларымен иық тіресер экономикалық, инновациялық орталыққа айналып келе жатқанын көріп сүйсінесің.

Қазір қалада Тайыр Жароков, Қаныш Сәтбаев, Сәкен Сейфуллин атындағы көшелерді, бірқатар жер учаскесін кешенді жаңғырту, Тұңғыш Президент саябағын реконструкциялау басталды. Жақында қала әкімінің «Жасыл Алматы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құруды тапсырғаны, Урбанистика орталығын құру идеясын айтқаны хабарланды. Мұндай Орталықтың қала құрылысына қатысты түрлі жобаны үйлестіріп, олардың арнаулы стандарттарын, дизайн-кодқа сәйкестігін бақылап, заманауи урбанистика тәжірибелерін енгізетіні жеткізілді.

Қала тұрғыны Алмира Әшірбекованың айтуынша, Алматы аз уақыттың ішінде қарыштап дамып келеді. «Алматының жайнап-жайқалып, өсіп жатқанына қуанамыз. Қазір қаламыздағы демалатын жерлер көбейді», – дейді тұрғын өз сөзінде.

Қаламызда былтыр Ганди көшесі мен Назарбаев даңғылы қиылысындағы 5,2 гектарлық сквер, көлемі 47,6 гектар болатын Сайран су қоймасы аумағы абаттандырылды. Қазір төрт субұрқақ кешеніне күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Баум тоғайы, Есентай өзенінің жағалауы, Flow Park, Геологтар аллеясы, «Оңтүстік» саябағы, Достық пен Пушкин көшелері сияқты жобалар аяқталуға жақын.

Мегаполистегі маңызды міндеттердің бірі – халық санына сай шымыр инфрақұ-

рылым құру. Биылдан бастап 5500 оқушыға есік ашқан №219, №214 және №221 мектептері жұмыс істеп жатыр. Ал 2026 жылдың сәуірінде «Шұғыла» шағынауданындағы Alem City тұрғын үй кешенінде 1200 орынды №41 мектеп пайдалануға берілді. Сондай-ақ, «Алма Сити-3» кешенінде 1200 орынды №223 мектеп пен №174 мектептің қосымша 375 орынды ғимараты ашылады.

Урбанист Гүлмира Байғабылованың «әр қаланы өз ерекшелігіне сай дамыту қажет» деген пікірін ескерер болсақ, Алматыдағы әлеуметтік инфрақұрылымның дұрыс жолға қойылғанын көре аламыз. Мысалы, Бостандық ауданында басты назар халық жиналатын, демалатын орындардың сапасына аударылған. 2025 жылы Саин көшесінен Кекілбайұлы көшесіне дейінгі Торайғыров көшесінде 2,5 гектар аумақта жаяу жүргінші аймағы жасыл желекпен көмкерілген. Мұнда 220 жарық бағаны, 70 орынды, 100 қоқыс жәшігі, пергола мен үлкен әткеншектер орнатылып, веложол салынған. 200 ағаш пен 1500 бұта егілген. Қазір Үлкен Алматы өзені арқылы жаяу жүргіншілер өтетін көпірлер салынып жатыр.

Америкалық урбанист Милтон Фридманның сөзіне қарағанда, мегаполис атану үшін қала мына шарттарға сай болу керек. Олар: маңызды экономикалық орталық болу; халықаралық компаниялар-

дың бас кеңсесі орналасу; дамыған өнеркәсіп орындары болу; тоғыз жолдың торабында орналасу; қала халқының саны белгілі бір шекке жету. Байқағанымыздай, қазіргі Алматы аудандарының да даму тенденциялары бірқатар векторлардан тұрады.

Алмалы ауданында өзгерістер қоғамдық кеңістік, білім беру, денсаулық сақтау және қалалық экономика салаларын қамтыды. А.Иманов атындағы сквер жаңартылып, жаңа мектеп пен «Шабыт» оқушылар үйі ашылды. Сонымен қатар, BOXPARK Almaty жастар мен шағын бизнеске арналған жаңа қоғамдық кеңістік ретінде іске қосылды. Мұнда фудкорттар, амфитеатр, демалыс аймақтары қарастырылған. Жоба 110 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді.


Алатау ауданында негізгі назар әлеуметтік қолжетімділік пен қауіпсіздікке аударылды. «Саялы» шағынауданында күніне 600 бала қабылдайтын шығармашылық орталық пен 200 адамға арналған отбасылық дәрігерлік амбулатория салынуда. «Теректі» және «Рахат-Мәдениет» шағынаудандарында 2900 жарық бағаны орнатылып, 93 шақырым жарық желісі тартылды. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігіне және күнделікті өмір сапасына тікелей әсер етеді.

P.S. Қаланың экономикалық орталық, мәдени ошақ, индустрия қайнар, инновация көзіне айналуының өзі бірқатар күрделі процестердің жемісі. Шаһардың функциясы, қалыптасу, даму динамикасы, құрылысы мұндағы ең басты іргетас. Алматы қаласы заман озған сайын өзінің тұғырын нықтап, әлеуетті, жайлы, өмір сүру сапасы жоғары қала болу жолына түсіп отыр. Ендігі меже – әлем өлшеміне жетуге ұмтылу. Әрине, бұл игі іске әкімшілік орталықтары ғана емес, әрбіріміз үлескер болуымыз керек.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Қаладағы Сейфуллин көшесі мен Жансүгіров көшесінің қиылысындағы жаңа көлік айрығының құрылысы аяқталды. Бұл көлік қозғалысы ең тығыз аумақтардың бірінде қауіпсіз, қолайлы әрі іркіліксіз көлік ағынына кепілдік берді.



Қауіпсіз әрі ыңғайлы

Алматы қаласының Бас жоспары аясында жүзеге асырылған жоба ең алдымен көлік өткізу қабілетін арттыруға, кептелісті азайтуға және жол қозғалысының қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған. Осы мақсатта айрық аумағында эстакадалар, жол өткелдері мен арнайы съездер салынды. Бұл негізгі бағыттар бойынша көліктің үздіксіз қозғалуына жағдай жасайды.

Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін екі жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі орнатылды. Сонымен қатар, жаңа жарықтандыру жүйелері іске қосылып, бағдаршамдар, жол белгілері мен қоршаулар қойылды.

Құрылыс барысында инженерлік желілер жаңартылып, нәсерлі кәріз жүйесі мен су бұру инфрақұрылымы қайта жүргізілді. Іргелес аумақтар абаттандырылып, жолдар кеңейтілді, жаяу жүргіншілер жолдары мен қоғамдық көлік аялдамалары ретке келтіріліп, аумақты көгалдандыру жұмыстары қоса жүргізілді.

Сондай-ақ, Сейфуллин – Жансүгіров көшелері қиылысындағы сквер маңында қоғамдық көлікке арналған аялдама кешенін орнату мәселесі де шешімін тапты. Жаңа көлік айрығының іске қосылуы қаладағы көлік жүктемесін азай-

тып, тұрғындардың уақытын үнемдеуге және жол қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сыртқы жарықтандыру жүйелері, бағдаршамдар, жол белгілері және қоршау бөгеттері орнатылды. Нәсерлі кәріз жүйесі мен су бұру желілері салынды, инженерлік коммуникациялар көшіріліп, жаңғыртылды.

Аталған жобаның жүзеге асуы көлік торабының өткізу қабілетін едәуір арттырып, кептелістерді азайтуға және жол қозғалысы қауіпсіздігінің деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Дана САДЫРҚАН.

БРИФИНГ

КӘСІП ПЕН НӘСІП

ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ ОРТА

Кәсіпкердің жұмақ шаһары



Алматыда Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» мен Орталық Азия Франчайзинг қауымдастығы (CAAF) бірлесіп ұйымдастырған «Жергілікті брендтен ұлттық брендке қалай айналуға болады?» атты республикалық бизнес-турдың қорытындылары шығарылды.

Өңірлік бизнес қалай дамып жатыр?

Республикалық тур қорытындыланды

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жоба өткен жылы басталған жұмыстың жалғасы болды. Алғашқы өңірлік бизнес-тур кәсіпкерлер тарапынан жоғары қызығушылық тудырып, практикалық көшпелі кездесулерді жалғастыруға сұраныстар түсті. Соның нәтижесінде 2026 жылы жоба ауқымы кеңейтілді. Егер өткен жылы тур 9 қаланы қамтыса, биыл география 16 қалаға дейін ұлғайып, қатысқан кәсіпкерлер саны 1200 адамнан асты. Өңірлердегі кездесулерді ұйымдастыруды «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палаталары қамтамасыз етіп, жергілікті бизнес-қоғамдастықпен ашық диалог алаңына айналды.

CAAF басшысы Гүлбану Майғаринаның айтуынша, жобаның басты мақсаты кезекті мотивациялық кездесулер өткізу емес, ел өңірлеріндегі шағын және орта бизнестің нақты жағдайына шынайы талдау жасау болды.

«Қазақстандық бизнес өсуді қалайды, алайда көп жағдайда «қолмен басқарудан» жүйелі жұмысқа қалай көшу кергін білмейді. Өңірлерде біз кәсіпкерлер тарапынан практикалық білімге, бизнес диагностикасына және нақты өсу құралдарына үлкен сұранысты көрдік», – деді ол.

Бүгінде Қазақстанда 2 миллионнан астам шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Көптеген компания сапалы өнім мен сұраныс болғанына қарамастан, жылдар бойы бір қала немесе бір өңір деңгейінде қалып қояды.

Тур аясында еліміздің барлық өңіріне тән төрт негізгі мәселе анықталды. Атап айтқанда, басқарушылық есеп пен қаржылық ашықтықтың болмауы, аналитика мен клиентті ұстап қалу жүйесі жасалмай жүргізілетін маркетинг, бизнестің иесіне тәуелділігі, сондай-ақ ауқымдау стратегиясының болмауы.

«Мәселе көбіне нарықта немесе сұраныстың жоқтығында емес. Мәселе – жүйенің жоқтығында», – деп атап өтті Гүлбану Майғарина.

Айта кетейік, бұл кәсіпкерлерге арналған тур Қазақстанда екінші жыл қатарынан өткізіліп отыр. 2025 жылы жоба еліміздің 9 қаласын қамтыса, 2026 жылы географиясы 16 қалаға дейін кеңейді. Тур 6 сәуірде басталып, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Орал, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Алматы, Петропавл, Көкшетау, Қарағанды, Өскемен, Семей, Павлодар және Астана қалаларын қамтыды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



жұмыс орындарын ашып, халық сұранысын қамтамасыз етіп, қала экономикасының тұрақты дамуына үлес қосуда.

Өнімді өңірлік бағдарлама

Кейінгі жылдары мемлекет тарапынан кәсіпкерлерді қолдау тетіктері тіпті де қарқын алды. Мысалы, «Almaty Business – 2030» өңірлік бағдарламасы. Бағдарламаның негізгі мақсаты – шағын және орта бизнесті қаржылай қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіпкерлер үшін қолайлы орта қалыптастыру. Бағдарлама аясында жеңілдетілген несие беру, кепілсіз қаржыландыру және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағыттары қарастырылған.

2025 жылдың мамыр айынан бастап өтім беру процесі толық автоматтандырылды. Бұл бюрократиялық кедергілерді азайтып, кәсіпкерлердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік берді. Әсіресе, әлеуметтік кәсіпкерлер үшін 5 жыл мерзімге жылдық 6 пайызбен кепілсіз несие беру мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, микроқаржы ұйымдары мен «Алматы» ӘКК арқылы инвестициялық жобаларды қолдау тетіктері кеңейтілді.

Ресми дерек бойынша, бағдарлама аясында жалпы сомасы 56,6 миллиард теңге болатын 793 жоба қаржыландырылып, 6,4 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылған. Мұндай бастамалар кәсіпкерлерге өз ісін дамытуға жаңа мүмкіндік беріп отыр.

Өндіріске де оң әсер етті

Жүйелі қолдаудың игілігін көріп, өндіріс саласында да кәсібін дөңгелетіп отырған азаматтар аз емес. Солардың бірі – Бақытжан Жақсылық, ол «METLAZ» компаниясының негізін қалаушы. Жас кезінде дәнекерлеушінің көмекшісі болып жұмыс істеп, металл өңдеу ісін меңгерген. 2019 жылы жеке кәсіп ашып, гранттар мен мемлекеттік бағдарламалардың көмегіне жүгінді. «Атамекен» ұлттық палатасының гранты және «Даму» қорының несиесі оған өндірісін кеңейтуге, заманауи құрал-жабдықтар алуға мүмкіндік берді.

– Бастапқыда құрал-жабдық жетіспей, қатты қиналған едік. Мемлекеттік қолдау бағдарламасының көбеюімен цехымызды кеңейтіп, 15 адамды тұрақты жұмыспен қамтитын болды. Әлі де даму жоспарымыз көп – сапалы отандық өнім жасап, нарықта өз орнымызды нығайтқымыз келеді, – дейді кәсіпкер Бақытжан.

Ләйлә мен Бақытжанның мысалы Алматыдағы шағын және орта бизнестің қаланың басты қозғаушы күшіне айналғанын көрсетеді. Бірі сауда саласында, енді бірі өндіріс бағытында еңбек етіп, тек өз кәсібін дамытып қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашып, қала экономикасына үлес қосып келеді. Қолайлы бизнес орта, мемлекеттік бағдарламалар және кәсіпкерлердің табанды еңбегі Алматының экономикалық әлеуетін арттырып отыр. Бүгінде шағын және орта бизнес тек табыс көзі емес, мегаполистің тұрақты дамуы мен болашағының сенімді тірегіне айналды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



Ресми мәліметтерге сүйенсек, Алматы қаласының жалпы өңірлік өнімінің шамамен

₸30,6 трлн

теңгеден астамы шағын және орта кәсіпкерлік секторына тиесілі.



Статистика көрсеткендей, өндіріс саласындағы шағын кәсіпорындар соңғы 3 жылда көлемінің өсуі



Бұл – мемлекет пен кәсіпкерліктің бірлескен жұмысының нақты нәтижесі

Таңғы уақыт. Алматыдағы сауда орталықтарының бірінде Ләйлә Абитинованың дүкені әдеттегідей ерте ашылады. Сөрелердегі жаңа киімдер реттеліп, сатушылар күнделікті жұмысқа кірісіп кеткен. Бір дүкеннің тауарын бақылап болған соң, ол келесі нүктеге асығады. Алармен байланыс, жеткізушілермен келісім, әлеуметтік желідегі сатылым, онлайн тапсырыстар – мұның бәрі оның күнделікті тіршілігінің бір бөлігіне айналған.

15 жылдан бері кәсіппен айналысып келе жатқан Ләйлә бүгінде бірнеше дүкенді басқарып отыр. Оның айтуынша, бизнестің дамуына Алматыдағы мүмкіндіктер үлкен әсер еткен. Халық санының көптігі, сауданың қарқынды жүруі және логистика оның кәсібі үшін ең керекті шарт.

– 23 жасымнан бастап кәсіппен айналыстым. Осы қалада кәсібім біртіндеп ұлғайды. Халық саны көп қала – үлкен нарық. Бәсеке де, сұраныс та жоғары, сол үшін Алматыны өз

кәсібімнің бірден-бір кеңістігі санаймын, – дейді Ләйлә Абитинова. Дегенмен, Алматыны өз кәсібінің жұмағына балаушылар Ләйла ғана емес.

Бүгінде шағын және орта бизнес қаланың басты экономикалық күшіне айналып отыр. Бұл қала елдегі кәсіпкерлік бастамалардың негізгі орталығы. Халықаралық ұйымдар, ірі IT-компаниялар, қаржы институттары мен жетекші жоғары оқу орындары шоғырлануы бизнестің дамуына оң ықпал етеді. Шағын және орта бизнес жаңа

ЖАҢА МОДЕЛЬ

Алматы инклюзивті орта құруға басымдық береді

Алматыда тұратын
өрекше қажеттілігі
бар адамдар саны

58 387

28 038 - еңбекке қабілетті

9 509 - ресми түрде жұмыспен қамтылған

2025 жылы

92

адам жұмысқа
орналасты

»

54

адам JobCoach бағдарламасы
арқылы еңбекке тартылды

2026 жылы

57

адам жұмыспен
қамтылды

»

34

жұмыс
тапты

»

5

маман Германияда 9 күндік тағылымдамадан өтіп,
халықаралық JobCoach сертификатын алды



көмек енді нақты талаптарға негізделеді. Көмек алғысы келсе, жұмыспен қамту шараларына қатысып, қайта даярлаудан өтіп, субсидияланатын жұмыс орындарына тұра алады. Қоғам белсендісі ретінде мен әлеуметтік қолдаудан нақты жұмыспен қамтуға көшу бағытын өте оң бағалаймын», – деді қоғам белсендісі.

Былтыр жылдың басында қаладағы



мүгедектігі бар адамдарды еңбек нарығына бейімдеуге жәрдемдесетін «Jobcoach» жобасы тиімді бастамалардың біріне айналды. Жоба аясында әр қатысушыға жеке даму жоспары әзірленіп, мамандар кәсіби бағдар беру, психологиялық көмек және еңбек дағдыларын жетілдіру бойынша жүйелі қолдау көрсетеді. Мысалы, кейбір қатысушылар қашықтан жұмыс істеу форматына бейімделсе, енді біріне жеке кәсібін бастауға мүмкіндік жасалған. Мұндай тәсіл азаматтардың әлеуметтік тәуелділігін төмендетіп, олардың өзіне деген сенімі мен жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

2025 жылы 1620 адам «Jobcoach» жобасының аясында жұмыспен қамту бағдарламаларына қатысқан.

Ал әлеуметтанушы Айжан Базарханқызы Алматыда ерекше қажеттілігі бар азаматтардың мәселесіне қатысты бірқатар әлеуметтанулық зерттеу жүргізілгенін айтты. Соның нәтижелері бойынша, бұл санаттағы адамдар үшін ең өзекті мәселелердің бірі – жұмыссыздық пен инфрақұрылымдық кедергілер.

«Біз жүргізген зерттеулер көрсеткендей, ерекше қажеттілігі бар адамдар арасында жұмыссыздық деңгейі жоғары. Алматыда бұл бағытта жүйелі жұмыстар қолға алынып жатыр. Әсіресе, мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамтуға басымдық беріле бастады. Қазір біз осындай жандарды жұмыспен қамту моделіне біртіндеп көшіп келеміз. Бұл ерекше қажеттілігі бар азаматтардың қоғамға бейімделуіне, әлеуметтік интеграциясына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, инклюзивті қоғам қалыптастыруға ықпал етеді», – деді Айжан Базарханқызы.

Әлеуметтік саясаттағы тағы бір маңызды бағыт – мүгедектігі бар азаматтарға арналған қалалық инфрақұрылымды бейімдеу жұмыстары. 2023–2025 жылдары қала бойынша 34,1 мың нысанға паспорттау жүргізілді. Оның ішінде 733 мемлекеттік мекеме, 21,3 мың жеке сектор нысаны, 9,4 мың көпқабатты тұрғын үй және 2,7 мың аялдама бар. Мемлекеттік нысандар қатарында мектептер, ауруханалар, мәдениет ұйымдары, жоғары оқу орындары, спорт және әкімшілік ғимараттар қамтылды.

2025–2026 жылдардың қорытындысы бойынша нысандардың 60 пайызы бейімделіп, inva.gov.kz порталында 9,9 мыңнан астам нысан туралы мәлімет орналастырылды. Нақты бейімделген нысандар саны шамамен 5,7 мыңға жетті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Коллаж:

Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Бірлескен жауапкершілік

Кейінгі жылдары Қазақстанда инклюзивті білім беруді жан-жақты дамытуға басымдық беріп келеді. Инклюзивті білім беру – дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірлесіп оқыту түрі. Яғни инклюзивті білім беру балалардың денсаулық жағдайына қарамастан білім берудің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтиды.

Алматыдағы мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттері жұмыс істейді. Мәселен, 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша Қазақстанда 7000-нан астам мектептің 80%-ға жуығы инклюзивті білім беруге белгілі бір деңгейде жағдай жасалған.

Әди Шәрнізов атындағы №16 мектеп-гимназиясында «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми әдістемелік орталығы» ресурс орталығының ұйымдастыруымен білім беруді дамытуға және тиімді тәжірибелермен алмасуға бағытталған қалалық семинар өтті. Ауқымды іс-шараға қала мектептерінің басшылары, педагогтер, әдіскерлер мен сала мамандары қатысты.

Іс-шара барысында қатысушыларға мектеп-гимназия ұстаздарының инновациялық жобалары, жаңа форматтағы сабақ үлгілері мен тәрбие жұмыстары таныстырылды. Пленарлық бөлімде білім беру сапасын

арттыру, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану және педагогтердің кәсіби дамуы мәселелері кеңінен сөз болды. Сонымен қатар, тәжірибелі ұстаздар шеберлік сағаттарын өткізіп, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Қалалық семинар қорытындысында мұндай кездесулердің білім беру ұйымдары арасындағы байланысты күшейтіп, тәжірибе алмасудың тиімді тетігі екені атап өтілді. Ұстаздар қауымы алдағы уақытта да осындай мазмұнды іс-шаралар жалғасын табатынына сенім білдірді.

№16 мектеп-гимназия басшысы Алтынгүл Зейнуллаева бұл семинардың сапалы білім беру жолындағы маңызды қадамдардың бірі ретінде есте қалатынын, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі мен мектеппен тығыз байланысының маңызы ерекше екенін атап өтті.

Аталмыш семинарға білім саласының мамандары, педагогтер, психологтер, ата-аналар және қала мектептерінің өкілдері қатысты. Жиын барысында инклюзивті білім берудің өзекті мәселелері, оқушыларға қолдау көрсету жолдары, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тетіктері кеңінен талқыланды.

Іс-шара аясында тренингтер, шеберлік сағаттары және ашық пікір алмасу алаңдары ұйымдастырылды. Қатысушылар өзара тәжірибе бөлісіп, инклюзивті ортаны жетілдіруге қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Сергектік сыйлаған сайыс

Елімізде халықты салауаттылыққа бастау бағытында түрлі бағдарлама жүзеге асырылып жатыр.

Қаламыздағы №2 арнайы мектеп-интернатта тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған спорттық фестиваль өтті. «Қазақстан волейбол жұбы федерациясы» өкілдерін қуана қарсы алған балалар қонақтарға өз қолдарымен жасаған бұйымдарын тарту етті. Іс-шараны ұйымдастырушы федерацияның атқарушы директоры Батыр Қадырбайұлы сайысқа қатысушыларға ерекше жігер беріп, спортты серік етуге шақырды.

– Бұл спорттың ерекшелігі сол, мұнда волейболды отырып ойнайды. Әрі бұл тірек-қимыл аппараты зақымданған адамдарға арналған паралимпиадалық спорт-

тың бір түрі. Ойын жалпы классикалық волейболға ұқсас болғанымен, шарты мүлдем басқа. Мұнда ойынға қатысушы спортшының тұруына, денесін көтеруге, тіпті бір адым да жасауға болмайды. Сондықтан да спорттың бұл түрі қиын әрі қызықты, – деген Батырдың өзі ойынның нағыз жанкүйері болып шықты.

Сайысқа қатысқан 8–15 жас аралығындағы 10 спортшыдан тұратын төрт команда өздерінің шеберліктерін сынға салды. Осылайша спорттық сайыс жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Жас спортшылар «Жетісу» командасының кәсіби ойыншыларымен ойнап, шеберлік сыныбына қатысты. Фестиваль соңында демеушілер тарапынан балаларға спорттық құрал-жабдықтар табыс етілді.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»

ОҚЫҒАН ОЗАР

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасы енгізіліп, ол кеңінен жүзеге асырыла бастады. Бұл – оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ауқымды мәдени-ағартушылық жоба.

Негізгі мақсаты – халық арасында кітап оқу дағдысын дамыту, сыни және талдамалық ойлауды қалыптастыру, кітапты білім мен рухани дамудың негізгі көзі ретінде насихаттау және Қазақстанды әлемдегі ең көп кітап оқитын елдердің қатарына қосу.

Жоба аясында мектеп оқушыларынан бастап мемлекеттік қызметкерлерге дейін түрлі топ қамтылып, арнайы бағыттар енгізілген. Тіпті, Қазақстан Қарулы күштеріне де жаңа талап қойылды. Мәселен, әрбір сарбаз қызмет барысында кемінде 5 кітап оқуға міндетті. Бұл әскери қызметшілердің де ой-өрісін кеңейтуге, тәртіп пен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыруға және рухани деңгейін көтеруге бағытталған. Иә, кітап оқу адами, интеллектуалдық капиталды арттырады. Кітап оқитын ұрпақ ел болашағын айқындайды.

А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада жастар, баспагерлер және қаламгерлер арасында «Білім мен мәдениеттің бастауы – кітап» атты «дөңгелек үстел» басында жақсы сұхбат болды. Кітап және оқу мәдениеті туралы ой қозғалған келелі кездесуде «Мазмұндама» баспасының директоры Шыңғыс Мұқан, «Аруна» баспасының бас редакторы Қарлығаш Байғабылова, жазушы, журналист, аудармашы Шынар Әбілда, «Аруна» баспасының сату бөлімі менеджері Гүлмира Мұратқызы және «Абай» баспасы директорының орынбасары Думан Атайбек болды.

Басқосуда кітап туралы әңгіме ғана емес, ұлт болашағы, оқырман мәдениеті, әдебиеттің бүгінгі ахуалы мен ертеңгі бағыты жайлы сөз қозғалды.

Не үшін кітап оқу керек? Қолына қалам ұстағанның бәрі жазушы болып кетті. Оқитын кітапты қалай таңдаған жөн? «Ұлттың жаны – әдебиетінде» дейміз. Бүгінгі қазақ



әдебиетінен сол жанды көре аламыз ба? «Оқырман азайды» деген пікір жиі айтылады. Жастар кітап оқымайды дейді. Осы пікірмен келісесіздер ме? Біздің қоғам әлі кешегі 60–80 жылдары жазылған әдебиетті ғана оқып келе жатыр. Бүгінгі жазушылардың көп оқылуына не жетіспейді?

«Театр көбейсе, түрме азаяды» дейді, ал кітап көбейсе, не азаяды? «Дөңгелек үстел» басына жиналған спикерлер осындай сауалдар төңірегінде ой қозғады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың және Алматы сервис және технологиялар колледжінің студент-жастары да пікірлерін қосты.



ОЙМАҚТАЙ ОЙ



Шынар ӘБІЛДА,
жазушы, журналист,
аудармашы:

Ойлы сана кішіреймейді

Әріптесімнің сөзіне қосыламын. Кітап ойды өзгертеді. Бір ойға өскен сана кішіреймейді дейді. Сондықтан кітап оқуды әдет қылған бала бәрібір оқымайтын баланың қасында артық болады.

Әлгінде «Көркем шығармаларға қарағанда бүгінде тұлғалық даму сынды кітаптар алдыңғы орынға шығып кеткен жоқ па?» деген сұрақ қойылды. Көркем шығармалар, тарихи және тұлғалық кітаптар қатар жүрсе де еш ұтылмаймыз. Мәселен, «адам бойына қандай құндылық керек?» деген сауалға жауапты осы тұлғалық кітаптардан табуға болады. Әрине, бұл сол адамның басып өткен жолымен жүру деген сөз емес. Бірақ сол тұлғаның жетістігінің қандай да бір қажет деген тұсын өзіңіз үшін сызып қойып, қойындәптерге түртіп алып, сол күнделікке қарап та өзіңізді өсіруге болады. Солай еліктеу арқылы сіз өзіңіздің бойыңызда қандай дағды, қандай қасиет, не нәрсеге бейімділігіңіз бар екенін ашасыз. Қазір біліммен жарысатын заман. Уақытты жай өткізіп алмайық дегім келеді. Тым болмаса ұйқыға кетер алдында он бет оқып жатайық. Жақсы дүние мида қалады.

Жалпы, тұлғалық қабілетіңді жетілдіргіңіз келсе, кітапты таңертең оқыған пайдалы дейді. Себебі, ұйқыдан тұрған адамның миы тынық, тұнық болады. Сондықтан оқыған дүниелеріңіз де санада жатталып, қатталып қалады. Егер кітап оқуды ұнатпасаңыз, тақпақ немесе өлең жаттап алыңыз. Тіпті, ең оңай кітапты оқудан бастап, ең күрделі кітапқа келуге болады. Ми шынығады, сана сергек болады. Кезінде жинаған сол біліміңіз уақыт өте келе өзіңізге қызмет ететініне кәміл сеніңіз.

Шыңғыс МҰҚАН,
«Мазмұндама»
баспасының директоры:

Шведтер электрондық кітаптан бас тартуда

Жапонияда кітап оқып отырған адам мен жәй отырғанның миын МРТ-ға түсірген екен. Сонда кітапқұмардың басы тұтас жап-жарық болып көрінген. Ал кітап оқымайтын адамның миының бір тұсы жарық болса, көп жері қараңғы, жарығы өшіп қалған шағын ауылдың кейпі сияқты болған. Осыдан-ақ көп нәрсені аңғаруға болады.

Қазір кітапты қағаз түрінде де, интернеттен, телефоннан да оқи беруге болады. Бұлардың бәрі тасымалдаушылар ғана. Болашақта қағазға басылып шығатын кітаптар жойылады дегенге мүлде сенбеймін. Олай болуы мүмкін емес. Қазірдің өзінде электронды кітаптың нарықтағы көрсеткіші жиырма пайыздың төңірегінде ғана. Ал сексен пайызы – әлі қағаз кітаптар. Мына қызықты қараңыз, шведтер, тағы бірқатар еуропалық ел электрондық кітаптардан бас тартып жатыр екен. Әсіресе, оқушылар арасында сауалнама жүргізгенде, басым көпшілігі кітаптың қағаз түрін оқу оңтайлы деп жауап берген.

Айына бір кітап оқу деген – күніне он-ақ бет оқу деген сөз. Мәселен, оған жиырма минутыңыз кетеді. Жиырма минут қайда кетпей жатыр? Дәл қазір телефонды шұқылап отырып-ақ босқа «өліп кетеді» сол жиырма минутымыз. Сондықтан күніне жарты сағат ең кемі он бет оқуды дағдыға айналдырайық. Адам міндетті түрде жақсы жағынан, дәлірек айтсақ, ойы өзгереді. Ой өзгерген соң, әдет өзгереді. Әдет өзгерген соң, өмір салтыңыз өзгереді. Ол өзгерсе, өміріңіз де өзгереді. Егер өміріңіз өзгертін болса, тағдырыңыз өзгереді. Ал тағдырдың өзгерісі өте маңызды.

Нұржамал ӘЛІШ.

КҮЛӘШ АХМЕТОВА – 80



«ПОЭЗИЯНЫҢ АҚ ГҮЛІ»

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Күләш Ахметованың 80 жасқа толуына арналған «Сезімнің сәулесі, сөздің сазгері – Күләш Ахметова» атты әдеби-танымдық еске алу кеші өтті.

Кеш аясында «Поэзияның ақ гүлі» атанған Күләш ақынның әр жылдары жарық көрген «Ақ гүлім менің», «Сен менің бақытымсың», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Мейірім» «Жапырақ – жаздың жүрегі» атты оқырманнан лайықты бағасын алған кітаптары мен сирек фотоларынан көрме ұйымдастырылды.

Жазушы Мұхамед-Қанапия Шархан кеш тізгінін ұстап, қаламгерлер ақын шығармаларының қазақ әдебиетіндегі орны мен рухани тәрбиедегі маңызы туралы кеңінен сөз етті.

Кеште Ф.Қалибекұлы, С.Балғабаев, Т.Дайрабай, М.Қожахметова, А.Қадырбаева, Ә.Бөпежанова, Ә.Қайырбеков С.Досжан, Б.Бекетова, Д.Мамырбаева, Н.Үркімбаева, тағы басқа қалам иелері ақынның өмірі мен шығармашылық жолы туралы естеліктер айтылып, сағымға айналған ақынын сағынышпен еске алды.

Бұл күні ақынның мәңгіге жүректе жатталып қалған жырлары оқылып, әнге айналған туындылары орындалды. Қатысушылар Күләш Ахметованың поэзиясындағы адамгершілік, туған жерге сүйіспеншілік, анаға құрмет, ұлттық құндылықтарды дәріптеу тақырыптарының әлі де өзектілігін баса белгіледі.

Тағылымы мол басқосу қазақ поэзиясының көркем көкжиегін кеңейткен Күләш Ахметованың жарқын бейнесін тағы бір мәрте еске түсіріп, оның әдеби мұрасының мәңгілік құндылық екенін айшықтады.

Кеш соңында Күләш Ахметованың туыстары атынан Айман Ботабекова алғысын білдірді.

Рая ЕСКЕНДІР.

ЖАСТАР – ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Таңғы сегізде дәріске асыққан Гүлім кешкісін мүлде басқа өмірдің ортасында жүреді. Ол – Алматыдағы еріктілер қозғалысының белсенді мүшелерінің бірі. Бір күні қарттарға азық-түлік жеткізсе, енді бірде экологиялық акцияға қатысып, ағаш отырғызады. Ал жуырда жастар арасындағы интернет-алаяқтықтың алдын алуға арналған ақпараттық түсіндіру жұмысында ол өзіне де мол тәжірибе жинап үлгерді. «Еріктілер қаласы» аталып келе жатқан Алматыдағы жастардың өмірі осындай алуан мазмұнға толы.

«Шынын айтсам, алғашында жәй ғана орта тапқым келді. Кейін еріктіліктің адамды өзгертетінін түсіндім. Біз біреуге көмектесіп қана қоймаймыз, өзіміз де көп нәрсе үйренеміз. Ең кемінде адамдармен тіл табысуды үйрендік», – дейді Гүлім Бекболатқызы.

Гүлімнің күнделікті тіршілігі – Алматы жастар өмірінің көрінісі. Қазір мұнда жас буынның энергиясы мен бастамасы тоғысқан ерекше орта қалыптасты.

Волонтерлік мәдениеті

Мегаполисте жастар саясаты жүйелі түрде дамытудың нәтижесінде волонтерлік қозғалыстың қарқыны, жастарды жұмыспен қамту бағдарламалары жаңа серпін алды. Алматының «еріктілер қаласы» атануы да бекер емес. Күн сайын көшеде, университет аудиториясында, қоғамдық жобалардың ішінде жүрген белсенді жастар шаһар тынысын өзгеше серпінге бөлеп жүр.

Шаһардың өзіндік волонтерлік мәдениеті қалыптасып келе жатқанын айрықша атауға болады. Қайырымдылық акциялары, экологиялық іс-шаралар, әлеуметтік жобалар, ақпараттық түсіндіру науқандары – мұның бәрінде жастардың қолтаңбасы анық байқалады.

Алматыдағы белсенді жастардың бірі – Айшуақ Азаматқызы. Ол бірнеше жылдан бері волонтерлік жобаларға қатысып келеді. Әсіресе, әлеуметтік қолдау іс-шаралары мен жастар арасындағы түсіндіру жұмыстарына жиі араласады. Оның айтуынша, ерікті болу адамның өмірге көзқарасын өзгертетін мектеп.

«Волонтерлік арқылы адамдармен жұмыс істеуді, жауапкершілікті сезінуді үйрендік. Кейде бір адамның мәселесін шешуге көмектесудің өзі үлкен мотивация береді», – дейді белсенді ерікті.


Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек жастарды қоғамдық бастамаларға тартуда цифрлық тәсілдерге көбірек мән берілетінін айтады.

«Геймификация элементтері қолданысқа еніп, еріктілер цифрлық есепке алынады. Бүгінде Алматы еріктілер фронт-кеңсесі 58 мыңнан астам еріктінің басын қосып отыр. 2025 жылдың өзінде 2 мыңнан астам қалалық іс-шараға қолдау көрсетілді», – дейді басқарма басшысы.

Басқарма басшысының айтуынша, алдағы уақытта қалада волонтерліктің цифрлық моделі енгізіледі. Әр еріктінің мәртебесі, жеке статистикасы, миссиялары мен жетістіктері көрсетілетін цифрлық паспорт қалыптасады.

Сонымен қатар, Volu-Coins атты ынталандыру валютасын енгізу де жоспарланған. Бұл жүйе арқылы жастар жабық іс-шараларға қатысып, брендтік өнімдер алып, қоғамға белгілі адамдармен кездесуге мүмкіндік алады. Үздік еріктілер қалалық рейтингтерге енгізіліп, стратегиялық жобаларға қатысады. Арнайы визуалды цифрлық карта да әзірленбек.

«Almaty Volunteers 2026» лендингін іске қосу, жастар алаңдарында қалдықтарды сұрыптау пункттерін ашу, Еріктілер академиясының жұмысын кеңейту,



жазғы көшбасшылық лагерін ұйымдастыру мен Volunteer Skills Map цифрлық картасын енгізу де жоспарланып отыр.

Ең белсенді топ

Құқықбұзушылыққа қарсы күрес ең алдымен жастар арасында кең қолдау тапты. Әсіресе, нашақорлық, лудомания, интернет-алаяқтық секілді қауіптердің алдын алу үшін ақпараттық кездесулер, тренингтер, ашық пікірталастар ұйымдастырылуда. Жастардың өзі де атсалысып, қатарластарына түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Алматыдағы еріктілер фронт-офисінің жетекшісі Қымбат Нұрдәулет қоғамдық қауіпсіздік бағытындағы жұмыстарға ерекше тоқталды. Оның сөзінше, «НаркоСтоп» жобасы аясында 18 мыңнан астам есірткі жарнамасы жойылып, киберволонтерлердің көмегімен 197 заңсыз интернет-ресурс бұғатталған.

Ал SDU университетінің студенті Диана Тарлан жастарды қолдау бағытындағы жұмыстарды әлі де жетілдіру қажет деп есептейді.

«Бүгінде түрлі грантқа, кәсіп бастауға арналған бағдарламаларға, тегін курстар мен волонтерлік жо-

баларға сұраныс жоғары. Бірақ көптеген жас бұл мүмкіндіктер туралы толық ақпарат біле бермейді. Кейбірі мұндай бағдарламалар тек қоғамдық өмірде белсенді адамдарға ғана арналған деп ойлайды. Сондықтан ақпаратты әлеуметтік желілерде көбірек таратып, барлығына қолжетімді жобаларды көбейту керек», – дейді студент.

Қалада жастарды қоғамдық жұмыстарға тартумен қатар, оларды жұмыспен қамту мәселесіне де ерекше назар аударылып отыр. Әсіресе, бейресми еңбек нарығында жүрген жастарды қолдау маңызды бағыттардың біріне айналған. Себебі, уақытша табыспен күн көріп жүрген немесе тұрақты жұмысы жоқ жастар аз емес. Осыған байланысты түрлі оқыту бағдарламалары, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері мен қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылып келеді.

Таңертең дәріске асығып, кешке еріктілер штабына баратын Гүлім секілді жастар мегаполистің бүгінгі тынысын ғана емес, ертеңгі бейнесін де қалыптастыра алады. Олардың бастамалары шаһардың жастық рухқа, позитивті көңіл күйге толтырып тұрғандай.

Дана САДЫРҚАН.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ

Отбасы күніне орай көпбалалы аналарға көмек көрсетілді

Халықаралық отбасы күніне орай Алматы қаласында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға арналған қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Игі іс-шараның басты мақсаты – көпбалалы және тұрмыстық қиындық көріп отырған отбасыларға қолдау көрсету, қоғамда жанашырлық пен өзара көмектің маңызын насихаттау.

Іс-шараны Алматы қаласы Аналар кеңесі ұйымдастырды. Акция аясында мегаполисте 15 отбасыға қажетті азық-түлікке толы себеттер салтанатты түрде табысталды. Іс-шара барысында аналарға арнайы сөз беріліп, олар



ұйымдастырушыларға шынайы алғыстарын жеткізді. Кейбір аналар өмірлеріндегі қиын кезеңде жанынан табылып, қолдау көрсеткен жандарға ризашылығын айтып, көздеріне жас алды. Бұл сәт жиылған көпшілікке ерекше әсер қалдырды.

Қоғам белсендісі, Аналар кеңесінің мүшесі Анара Габбасова мұндай акциялардың маңыздылығына тоқталды.

– Бұл акция Халықаралық отбасы күніне арнайы ұйымдастырылып отыр. Біздің ұжым көпбалалы аналар мен отбасыларға аз да болса көмек көрсетуді мақсат етті. Ұсынылған азық-түлік себеттері олардың игілігіне жарасын деп тілейміз. Мұндай қайырымдылық іс-шараларын отбасы күні, аналар күні секілді мерекелерде жыл сайын өткізіліп тұрамыз. Отбасын қолдау, балаларға қамқор болу – қоғам үшін өте маңызды, – деді ол.

Қайырымдылық акциясы қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап қана қоймай, қамқорлық пен мейірімнің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



СОҒҒЫ ҚОҢЫРАУ

БАЛДӘУРЕН ШАҚТЫҢ БАҚЫТТЫ СӘТІ

Алматыдағы мектеп аулаларын кернеген «Соңғы қоңырау» үні биылғы мектеп бітіруші 20 911 түлек үшін қимас сәттің мәңгілік симфониясындай есте қалды. «Соғылды соңғы қоңырау, соққызбай өмір қоймайды...» деп ақындар жырлағандай, осы бір сәт талай жүректі тербеп, талай жанға үлкен өмірдің қақпасын ашқаны анық.



Қаламыздағы алдыңғы қатарлы білім ошағы М.Базарбаев атындағы №138 гимназия шаңырағында 2025-2026 оқу жылының аяқталуына арналған «Соңғы қоңырау, күміс қоңырау» атты соңғы қоңырау салтанаты өтті.

Аталмыш іс-шараға Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сәкен Аралбаев пен Бостандық ауданы білім бөлімінің басшысы Айгүл Қасымбек, мектеп ата-аналары басқа да қонақтар қатысты. Олар «Парасат шаңырағы» атты киіз үй-кабинетті аралап, мұндағы ұлттық жәдігерлер, қолөнер бұйымдары, дәстүрлі музыкалық аспаптар және танымдық көрнекіліктерді тамашалады. Одан соң білім шаңырағының басқа да тыныс-тіршілігімен танысты. Көтеріңкі көңілмен

басталған іс-шара барысында гимназия түлектерінің жетістіктері мен мектеп өміріндегі жарқын сәттері дәріптеліп, ақ жолақ үстінде шерумен жүріп өтті.

Алматы көш бастап келеді

Қалалық Білім басқармасының басшысы барша ұстаздар қауымына қала әкімінің құттықтауын жеткізіп, мектеппен қоштасқалы тұрған түлектердің жаңа өмір жолына сәттілік тіледі. Ол сөзінде ағымдағы оқу жылының да ерекше табысты болғанын баса белгіледі:

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Алматы қаласында бұрынсоңды болмаған үлкен серпіліс болды. Қаламызда жалпы саны 37 білім беру ошағы бой көтерді. Соның ішінде 20-сы

жаңа, заманауи үлгідегі «Келешек мектептері». Нәтижесінде 22 мың қосымша орын ашуға мүмкіндік туды, – деді Сәкен Аралбаев.

Басқарма басшысы атап өткендей, Алматы қаласы 2025 жылдың қорытындысы бойынша 24-ші рет үздік олимпиадалық өңір ретінде танылды. Сонымен қоса, Алматы мектептерінің түлектері ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Биыл қала бойынша 799 оқушымыз «Алтын белгіге» үміткер екенін де жеткізді.

«Ақынның жырын арман қып...»

Биыл қос мерейтойын атап өткен М.Мақатаев атындағы №140 гимназия болса соңғы қоңырау салтанатын «Білімім – Отаныма» тақырыбымен өткізді. Жүздерінен қуаныш табы ескен жастардың ертеңге деген сенімдері де нық.

Түлектердің қатарында шетелдік ЖОО-ға оқуға қабылданғандар да бар. Сонымен, биылғы мектеп бітіруші 112 түлектің 2-еуі «Алтын белгі», 19-ы «Үздік аттестаттан» үміткерлер болса, Халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары да бар.

Салтанатты жиынға Бостандық ауданы әкімінің орынбасары Алмаз Кеңесбай ұстаздар мен түлектерге құттықтау сөзін сөйледі. Сондай-ақ, аудандағы білім беру мекемелерінің жетістіктеріне тоқталып, ұрпақ үшін еңбек етіп келе жатқан ұстаздар қауымына алғыс білдірді.

Алғашқы «Соңғы қоңырау»

Биыл ғана пайдалануға берілген Наурызбай ауданындағы №223 жалпы білім беретін «Келешек мектебінің» де ауласында «Соңғы қоңырау» алғаш рет соғылды. Бұл мереке оқушыларға, ұстаздарға және ата-аналарға ерекше әсер сыйлады.

Мерекелік іс-шараны ашқан мектеп басшысы Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Жеңіс-



күл Сатаева оқушыларды оқу жылының аяқталуымен құттықтады. Мерекелік жиынның қонағы, қоғам қайраткері, Асылы Осман жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру – ел болашағының кепілі екенін атап өтіп, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызды екенін баса айтты.

Іс-шара барысында мектептің дарынды оқушыларына арнап «Үздіктер шеруі» ұйымдастырылды. Жас жеткіншектер өз жетістіктерімен мектеп мерейін үстем етіп, көпшілік алдында марапатталды. Бұл – білім мен еңбектің, талмай ізденудің жарқын көрінісі болды.

Ардагерлердің ақ батасы

Алматыдағы Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназияда соңғы қоңырау салтанаты ерекше әсерлі сәттерге толы өтті. Үлкен өмірге қадам басқалы тұрған түлектердің бірқатары қазірдің өзінде жоғары оқу орындарынан шақырту алып, жаңа белеске бет түзеді. Ал гимназияны ұзақ жыл басқарған Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразованың ақ батасы жастарға айрықша рух сыйлады.

Мерекелік іс-шара барысында білім, өнер және спорт салаларында үздік нәтиже көрсеткен оқушылар марапатталды. Түлектер ұстаздарына алғыс айтып, ән мен биден құралған әсерлі концерттік бағдарлама ұсынды. Әсіресе, мектеппен қоштасу сәті мен соңғы вальс көпшілікке ерекше эмоция сыйлады. Тәуелсіздікпен қатар түлеген №159 гимназияның жас түлектері енді алған білім мен тәрбиені ел игілігіне жұмсауға дайын екендерін жеткізді.

Түлектер бастамасы

Мектеп бітіруші түлектердің орынсыз ақша жинап, даңғаза жасауына қатаң тыйым салынғаны белгілі. Осы ретте Бостандық ауданы мектептерін бітіруші түлектер айрықша бастама көтеріп, мектеп бітіру кешінің орнына қайырымдылықты таңдады.

Олар «Бағанашыл» ықшамауданындағы «Жан әлемі» аутизммен ауыратын балалар орталығына қолдау көрсетті. Олар орталықтағы емделуші балаларға ең қажетті бұйымдар тарту етті. Осылайша қаржыны орынсыз шашпай, мұқтаж жандарды қуанышқа кенелтті.



Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЙ, Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТУРИСТЕР ТАҢДАҒАН ШАҺАР



«Алматы – дәмі тіл үйретін тағамдардан бастап, түнгі өмір, заманауи өнер мен мәдениеті өркендеп келе жатқан әлемдегі сирек қалалардың бірі. Сонымен қатар, Тянь-Шань тауларының етегінде орналасуы саяхатшыларға табиғаттың таза сұлулығына оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді». Бұл – әлемдегі ең танымал платформалардың бірі CNN Travel-де жазылған мақаладан үзінді. Жазба авторы Жоу Йогерст еліміздің оңтүстік астанасын дәл осылай сипаттап, сүйікті шаһарымызды «Орталық Азияның сәнді астанасы» деп атаған.

Ал Bloomberg басылымы Қазақстанды 2026 жылға арналған әлемдегі ең үздік 25 туристік бағыттың қатарына қосып, Алматыны «танымалдылығы күн санап артып келе жатқан қала» ретінде атап өтті.

Шетелдік туристер 10%-ға көбейді

Дүние жүзіне хабар тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының қаламызға бұлай назар аударуы кездейсоқтық емес. Қайта Алматыда туризмді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі деп қабылдау қажет. Жаңа мәдени нысандардың ашылуы, туристік инфрақұрылымның дамуы, сервис деңгейінің өсуі – әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшылардың ат басын бұруына себеп болып отыр. Мысалы, ресми мәліметке сүйенсек, былтыр қалаға 2 487 889 адам келген. Оның ішінде 754 мыңға жуығы шетелдік туристер болды. 2024 жылмен салыстырғанда, былтыр шекара асып келген азаматтардың саны 10 пайызға жуық өскен.

Тағы бір маңызды нәтиже – көршілес Ресей, Қытайдан бөлек, Оңтүстік Корея, АҚШ, Жапония сынды айтарлықтай алшақтығы бар мемлекеттерден де саяхатшылар көбейіп келеді. Оларды мұндағы қолжетімді баға, көркем табиғат пен жаңа тәжірибе қызықтырады. Мысалы, Алматыға Лондоннан келген танымал тревел-блогер Жоржана (@hrhgeorgiana) жасыл қаладан алған әсерін былай жеткізді:

– Тау шаңғы дегенде Қазақстан бірден ойға келе қоймайды. Бірақ бұл бекер. Өйткені, мұнда демалу Еуропамен салыстырғанда, әлдеқайда арзан. Таңертең оянып, қонақүй бөлмесінің терезесінен асқақ тауларды көру керемет әсер сыйлады. Лондонда мұндайды кездестіре алмайсың. Мен бұл жерге міндетті түрде қайта оралғым келеді. Алматы маған өте ерекше қала болып көрінді, мен мұнда қуана-қуана бір-екі жыл тұрар едім, – деді ол әлеуметтік желіде жариялаған бейнежазбасында.

Стратегиялық бағыт

Туризм саласын дамыту Алматы қаласының экономикалық саясатындағы басты бағыттардың біріне айналып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, шаһарды жыл бойы қызмет көрсететін халықаралық тау туризмі орталығына айналдыратын ауқымды жоба – Алматы тау кластерін дамыту стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде айқындалды. Бұл міндетке қала басшылығы тек туристік нысандар салу ретінде ғана емес, әлдеқайда кең ауқымда қарап отыр.

Оның ішінде көлік қолжетімділігін арттырудан бастап, қонақүй қорын кеңейту, жаңа тартылыс орталықтарын құру және заманауи жайлы қалалық ортаны қалыптастыру сынды маңызды бағыттар бар.

– Мегалополис орталығынан тау-шаңғы курортына дейінгі жол шамамен, 30 минутты алады. Бұл әлемнің барлық қалаларында бола бермейтін артықшылық, көптеген елдерде мұндай курорттарға жету үшін бірден екі жарым сағатқа дейін уақыт кетеді. Бұл ретте белсенді және экологиялық туризмге деген сұраныс жыл сайын өсіп келеді. Біздің міндетіміз – экономикалық өсім, туристердің жайлылығы және табиғатқа ұқыпты қарау талаптарының арасында тепе-теңдікті тауып, тау туризмін жүйелі дамытуға мүмкіндік беретін халықаралық деңгейдегі заманауи, қауіпсіз әрі қолжетімді инфрақұрылым құру, – деді қалалық Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова.

Алайда, ведомство басшысы белсенді демалысқа деген сұраныстың артуы қолданатын инфрақұрылымға түсетін жүктемені күшейткенін жасырмады. Қазір мереке мен демалыс күндері «Шымбұлақ» күніне 15 мыңға жуық адамды қабылдайды. Осындай жағдайда Алматы еліміздегі ең ірі туристік жобалардың бірі – Алматы тау кластерін дамытуға назар аударды.

Мұнда көздеген меже халықаралық деңгейдегі жыл бойы қызмет көрсететін біртұтас тау жүйесіне қалыптастыру. Жоспар бойынша «Шымбұлақ», Бұтақты, Қимасар, Пионер және Оі-Қарагаі ортақ арқан жолдармен бірігуі тиіс. Жоба іске асқан соң, болжам бойынша 2028 жылға қарай шетелдік туристер саны 1 миллион адамнан асады. 10 мың жаңа жұмыс орны ашылады, қала экономикасына тау туризмнен түсетін табыс бірнеше есе артады.

Керек дерек

2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша, мегалополисте туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 25,2 млрд. теңгеге жетті. Жылдың алғашқы үш айында қала бюджетіне туристік қызметтен 22 млрд. теңге салық түсті. Жалпы, қазір туризм саласында 90 мыңға жуық адам еңбек етеді. Одан бөлек, биыл сәуір айында Атақентте ұйымдастырылған KITF 2026 – туризм және саяхат көрмесіне 6 мыңнан астам адам қатысты. Оның ішінде әлемнің 24 елінен 414 компания бар. Ал мамыр айында Қытайдың Гуанчжоу қаласында өткен GITF 2026 халықаралық туристік көрмесінде мегалополис «Ең танымал мәдени туристік бағыт» атанды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ИЛЬЯ ЖАҚАНОВ – 90

... Кайсыбір жылы Шыңғыс Айтматовқа Қазақстан Президентінің арнаулы сыйлығы берілді. Осы салтанаттың алдында Ілекең телефон шалған қырғыздың даңқты дирижері Асанхан Жұмахматов бүгін Республика сарайында жаңа әннің премьерасы болатынын айтты. Ілекең аң-таң. Қайдағы ән?! Бірақ іші бірдеңені сезді. Қырғыздардың әйтеуір ойламаған жерден жақсы істің бастаушысы болып жүретінін білетін. Салтанатты кеш соңындағы концертте қырғыздың ел әртісі Дариға Жалғасынова «Жәмиләнің әнін» орындады. Бұл ән араға 25 жыл салып Алматыда тұңғыш рет шырқалды. Ғажайып ән осыншама жылдар айтушысын күтіп жатқан екен ғой.

ШЫҢҒЫС ШҰАҒЫ

немесе «Даниярдың әні» ашқан даңғыл жол

Осы бір оқиғаның біздің баспасөздің назарынан тыс қалғанына әлі күнге таңқаламын. Әннің қайырмасында «Даниярым, жан-жарым» деген жол бар. Ән де сұлу, Дариға да сұлу. Ширек ғасырдан кейін барып тыңдаушысымен қайта табысқан әсем әнмен бірге асқар таулар мен сайын даланың ұлы махаббатын жазған Шыңғыс та ария іспетті сырлы әннің әуезіне бөленіп, шат-шадыман сезім құшағына енді. Ән тағдыры деген де кейде осылай болып келеді. Жалпы, Илья әндерінің шығу тарихы қызық. Әрқайсы бір-бір кесек туындыға, одан да күрделі жанрдағы шығармаларға арқау боларлық дүниелер.

Сол күннің ерtesіне Нұраған бастап қасында Шыңғыс пен Әбіш бар Алатау ауданында тігілген үйге қонаққа келді. Сол кездесуде Ілекең «Әселден» кейін «Қош бол, Гүлсарының» әсерімен туған «Бибіжанды» шырқады. Композитор осының алдында ғана Кельнде тұратын Еуропа мұсылмандары одағы лидерінің орынбасары Мұртаза деген кісіден Шыңғысқа осы әннің таспасын беріп жіберген. Егер ұнай қалса осы әнмен елге, жерге деген сағынышын басын деп сәлем жолдаған. Бұл жолы да Шыңғыстың разы көңілін көрді. Орыстар «Как никогда» дейді ғой. Ілекеңді қатты қысып құшағына алды Шыңғыс. Ол рухани інісіне деген көңілін ұдайы осылай білдіруді әдетке айналдырған еді.

Ықылас пен Күреңкей, Жамбыл мен Тоқтоғұл, Мұхтар мен Шыңғыс, Ыдырыс пен Сүйменкүл... Қазақ пен қырғыздың рухани дүние кеңістігін осынау тұлғаларсыз көзге елестете алмайсың. Бұл тізім айта берсең таусылмақ емес. Шықандың рухани інісі Ильямен арадағы байланысының осынау бір үзік-үзік сәттері де соның дәлелі. Бұл өзі алда табандатып жазуды қажет ететін қызық та күрделі тақырып. Тұрсынбек Кәкішев айтқандай, «Қырғызстан Республикасының мәдениетке еңбек сіңірген қайраткері», Қазақстанның мәдениет қызметкері Ілекеңді бауырлас қырғыз елімен байланыстыратын сабақтас-тықтың бір үзігі осы.

«Әселім» қалай туды?

1965 жылы күзде ол Ыстықкөлдегі Рыбачье қаласында прокурор қайынағасы Қарпулланың үйіне барып демалады. Алматыға қайтар сәтінде жол үстінде келе жатқан Илья ғажайып бір көрініске тап болып, көңілі алай-дүлей күйге түсіп, іле машинаны Ыстықкөлге бұрғызады. Қырғызда кәдімгі үілдеген қара желдің «Ұлан» деген бір сүйікті аты бар. Ол сол жолы Ыстықкөлдің буырқанған мінезін, тулағанын, шулағанын, «ұланның» үілдегенін, көлдің сұрапыл суретін көрді. Көз алдына Аивазовский де, Хемингуэй де емес, Шыңғыс келді. «Прощай, Иссыкулы! Прощай, Асель! Прощай, песня моя недопетая» деген Илиястың сөзі жүрегің толқытып жіберді. Ән туды. Іле Бішкектегі композитор досы Алтынбектің үйіне жетті. Әнді нотаға түсірді. Содан арада алты жылдан кейін әбден ой сүзгісінен өткен соң барып, ән 1973 жылы эфирге шықты. Ән жұртшылыққа тез тарап кетті. Әдеттегідей қуанышын жасыра алмай қырғыз еліне телефон шалды. Шықанды саяжайдан тапты. Жазушының қоңыр даусы естілді.

– Шыңғыс аға, көптен бері толғандырып жүрген бір ән туды. Жаңа ғана эфирден берілді.

– Ооба, ооба, қандай болды, ырдап қойшы.



Ілекең қоңыр даусымен жайлап қана ыңылдады.

– Уқмуш боп шыққан екен, абдан жақшы, сен, Илья бір себебін тауып келсеңші, – деді жазушы. Үнінен тілеулес інісін сағынғандық сезіледі. Ән құдіреті деген осы. Бұл – атақты «Әсел» әні еді.

Осыдан соң-ақ қазақ-қырғыз арасында Данияр мен Әсел, Жәмилә есімді балалар көбейді. Осы аралықта сағынышты жүректен «Асылым» туды. Ендігі жерде қырғыздар оны әлгінде айтқанымыздай, Шықандың «Қызыл ормалды шырғайлымындағы» Хадишаның әні деп атап кетті.

Жылдар өткен сайын ұлы суреткермен кездесу осылайша жалғаса берді. Шыңғыс қазақтан жанына жақын тағы бір іні таптым деп қуанды. Бірін-бірі ұзақ көрмесе сағынысып қалатын жағдайға жетті. Жазушының жетпіс жылдығында «Тавро кассандры» атты кітабына берген қолтаңбасында екі елдің қатар шапқан телқоңыры екенін білдіріп «Әсел, Данияр, Жәмилә ани – мен үчүн өз дабышым!» депті. Бұдан артық қандай баға болады!

«Кертолғау»

Енді «Ықылас» романының туу себебіне байланысты кеңірек толғасақ деймін. 1986 жылдың 29 желтоқсаны. Ильяны Ықылас пен Күреңкей арасындағы байланыс көптен қызықтыратын. Содан материал жинау үшін жолға шығады. Бішкекке келеді. «Арашан» шығармашылық үйіне жайғасады. Сол күні қасында досы, қырғыздың үлкен жазушысы, «Сынған қылыш» дилогиясының (оны қазақ тіліне аударған осы Ілекеңнің өзі еді) авторы Төлеген Қасымбеков бар, екеуі Шықандымен кездеседі. Әңгіме бірден үйлесе кетеді. Шықан «Сынған қылыш» романын өте сәтті аударғанын біледі екен. Ильяның жазушылығына қызықты. Әңгіме емін-еркін басталған сәттен:

– Шықа, мына Илья «Кертолғау» деген повесть жазбақшы, – деді Төлеген.

Илья бұл кітап жайында өз ойын кеңінен толғады. Шыңғыс бұл сөзді беріле тыңдап:

– Илья, сен бұл тақырыпты еш жалтақтамай тереңнен толға, роман етіп жазуға шамаң жете ме? Айтқан оқиға кең де терең екен. Біз өзіміздің ел тұтқасы болған асыл арыстарымыздың атын атауға да батылымыз бармайды. Кітабыңа өзек болып

тартылатын оқиғаларда біздің ел мен жер үшін жойқын күрестер жасап, еңіреп өткен сол асылдарымызды бір қырдың астында жатып, еліміздің жүрегінде сақталған тарихи жағдайлармен жақсылап тұрып, шындық аясында жазып қойсаң, мына Төлегеннің «Сынған қылыш» дилогиясы секілді санамызға сәуле түсер еді, – деп төгіліп отырып тілек етті.

Осы әңгімеден кейін Илья қырғыз өмірін жан-жақты зерттеді. Романды үш айда жазып бітті. Екі халықтың екі музыканты Ықылас пен Күреңкей арқылы көп өмірдің сыры шертілді. Содан бұл роман

концерті болды. Міне, осы концерттің көркі Шыңғыс Айтматов шығармалары негізінде жазылған әндер, оны орындаған қырғыздың екі бұлбұлы – Дариға Жалғасынова мен Керим Тұрапов қазақ композиторының атағы мен беделін мүлде асқақтатып жіберді. Сол жылдың желтоқсан айының бірінші жұлдызында Астанада «Конгресс-Холл» залында өткен осы концертте де қырғыз бен қазақтың мызғымас туыстығының белгісі ретінде сүйсіне ардақтап отырған әндер тағы да шалқыды. Илья Жақанов осы қуаныш үстінде қырғыздың «Данекер» орденімен марапатталды. Осы жарастықты өмір осылайша жалғасып жатыр.

Өте шығар дүние-ай! «Илья, жүрегімді ұйытып жүрген бір лирикалық повесті жазып бітірдім, соған музыка жазшы» деп үні жан жылытар лебізге толып шығатын ұлы қаламгердің дана дидарын қара жер жасырғалы да жылдар өтіп барады.

Сол «Даниярдың әніне» тенор біткендер әлі күнге жабылып жатыр. Неге жабылмасын?! Көңіліңді шалқытып, асқақтатып бір байтақ әлем ғой ол. Өзіміздің Ермек Серкебаевтан бастап, Әлібек Дінішев, Суат Әбусейітов, Рашид Мұсабаев, Юрий Якунин, сонау қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қандастарымыздың атақты әншісі Хамит Ысқақ, қырғыз Тоқтаналы Сейталиев, Керим Тұраповтар, Ташкентте Фарух Садықов есімді дирижер басқаратын «интероркестрдің» әншілері күллі әлемде шырқап, әннің бағын одан сайын аша түсті. Себебі, әннің ішіне кіріп, болмысына еніп, түсініп айтатын әнші осындай ән іздейді ғой. Әр әнші оған өзінше жанр тақты. Біреу ария, енді біреу романс түрінде көңіл қалауына қарай шырқады. Бір әннің өзі бір спектакль көргендей әсер қалдырды. Шынында, бұл әнді жайбарқат отырып тыңдау мүмкін емес. Ұлы дала махаббаты, даланың дариға даусы, қайталанбас үні, лебі бар онда. Кіл бір аяулы сезімдер мен нұрлы ағыстар бөу-бөулеп жаныңды тербейді де отырады. Соңғы жылдары жас әнші Қайыржан Бердібаев «Даниярдың әні» деген фильмге бергісіз бейнебаян түсірді. Қысқасы, біреу білді біреу білмеді «Даниярдың әнінің» таңғажайып екінің өмірі басталды. Бізді бір ғана «Даниярдың әні» осылай баурай береді. Не құдірет бар онда? Ілекеңнің қырғыз тақырыбындағы әр әні аңыз-әңгіме болып бара жатыр. «Даниярдың әні» сол рухани төлдің көшбасы, арналы өзеннің мөлдір бастауы еді.

Әннің де мерейтойы аталса...

Таяуда бір үлкен тойда атақты әнші Кенжеғали Мыржықбаймен сағынысып қауыштық. Көп әңгімелестік. Өткен күндер, ғажайып концерттер еске түсті. Кенжеғали тойда ән салды. Сол баяғы жан-жүйеңді босатар қоңыр даусы. Бірақ «Даниярдың әнін» айтқан жоқ. Айтпағаны да дұрыс болды. Тойдың аты – той. Біреу мас, біреу жас дегендей. Бұл әнді үлкен дайындықпен келіп тыңдаса ғой, шіркін!

– «Даниярдың әнін» бір естігім келіп жүр, – деп едім, әншінің жүзі нұрланып кетті.

– Алдағы уақытта Ілағаның әндерінен бір компакт диск дайындамақ ойым бар. Соған кіргіземін, өзім де сағынып жүрмін сол әнді, – деді Кенжеғали.

Қазақта «Ақылбайдың әніндей» болып қалған «Даниярдың әніндей» ән көп емес қой. Ол сирек орындалады. Сонысы да жақсы. Ондай ән өлмейді, бірақ әсіресе мынау тірі дауыстар жұтылып бара жатқан заманда жүрек толы асқақ сезіммен, биік үнмен айтылғаны да керек-ақ! Сөйтіп, даланың дариға дауысын, ұлы махаббатын әлемге паш еткен әннің дүниені шарлағанына 50 жыл толды. Әлемді дүр сілкіндірген бір әннің мерейтойын атап өтуді дәстүрге айналдырса, бұл да бір ғанибет болар еді-ау. Мәселен, Нұрғисаның «Құстар әні», Блантердің «Тырнарлары» тәрізді.

...Созақ деген қасиетті жер бар, онда Қожа Ахмет Ясауидай мұсылман әлемінің пірін өз қолымен арулап қойған Қарабура әулиенің кесенесінің төңірегі бүгінде құдіретті пантеонға айналды. Осы қауымда мұсылман жұрағатының ұлылары мен асылдарына қара граниттен ескерткіш тастар қойылады. Сондай тастардың бірін Илья Жақанов Шыңғыс Айтматовтай ұлы ағасының рухына арнап қойғанын жұртшылық біліп жатыр. Бұл – мәңгі достықтың дара, дана белгісі!

Қали СӘРСЕНБАЙ.

АДАМ МЕН АЛГОРИТМ:

Алматы денсаулық сақтау жүйесінің жаңа дәуірі

Мемлекеттің «барометрі» – халық. Өйткені, қуатты ел ең алдымен бақуатты, білімді және дені сау халқымен бағаланады. Кейінгі жылдары Алматының денсаулық сақтау жүйесі жаңғыру кезеңіне батыл қадамдар жасады.

Үйге жақын емхана

Ең алдымен қаржыландыру көлемі айтарлықтай артты. Мәселен, 2024 жылы 26,3 млрд. теңге бөлінген болса, 2025 жылы қаржыландыру көлемі 69,4 млрд. теңгеге жеткен. 2025 жылғы қала бюджетінен денсаулық сақтау саласына 55,8 млрд. теңге қарастырылған. Мұндай инвестициялар жаңа емханалар салуға, ауруханаларды күрделі жөндеуге, заманауи медициналық жабдықтар сатып алуға және цифрлық технологияларды енгізуге бағытталды. Жалпы, Алматының денсаулық сақтау жүйесіне былтыр 344,7 млрд. теңге, биыл 367,6 млрд. теңге қаражат қарастырылған.

Былыр мегаполисте 15 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өтті. Ал 2026 жыл басталар тұста 6 жаңа емхана пайдалануға берілді. Тұрғындар медициналық көмекті үйінің маңынан алуға мүмкіндік беру үшін қала билігі емхана санын көбейтуге күш салуда. Әрі барлық емханада ЖИ элементтері бар дауыстық көмекші; пациенттердің сұранысын өңдейтін интеллектуалды жүйе; медициналық деректерді талдау құралы орнатылған.

Жетісу ауданындағы №1 емхананың жаңадан корпусының салынуы аудан тұрғыны Елизавета Ахметқалиеваны айрықша қуантты:

– Жаңа корпусың ашылу салтанатына қуана бардым. Өзім 1976 жылдан бері емханаға қаралып келем. Екі-үш аялдама қоғамдық көлікпен жүріп баратын едім, мынау филиал біз секілді қарияларға қолайлы болды. Тек қарттар емес көпбалалы, жүкті аналарға, мүмкіндігі шектеулі адам бағып отырған отбасылар да бар. Дәрігердің үйінің жанынан табылуы жақсы ғой, – дейді Елизавета әже.



«Көз ілмейтін» аурухана

Сондай-ақ, былтыр №8 жедел жәрдем стансасы, №12, 20, 22, 23 және 27 емханалар, сондай-ақ Адам репродукциясы қалалық орталығы күрделі жөндеуден өтті. Қазақстандағы алғашқы корейлік диагностикалық орталықтардың бірі – Open Healthcare Kazakhstan медициналық орталығы жұмысын біздің мегаполистен бастағаны да мақтаныш. Алматыда республика бойынша алғаш рет босандыру стационарында МРТ кабинеті ашылды. Неонаталдық скрининг зертханасы іске қосылды.

Ал биыл тәулік бойы «көз ілмейтін» іргелі №4 қалалық клиникалық аурухананың жаңа заманауи қабылдау бөлімі іске қосылып, халықаралық triage жүйесі енгізілді. Бұл ауыр халдегі науқастарға жедел көмек көрсетуге, асқынулар мен өлім-жітім қаупін азайтуға, орын санын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Биыл Алматының денсаулық сақтау

саласына қызмет ететін 32 жаңа нысанның құрылысы мен 14 медициналық мекемені жаңғырту жобасы қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Олардың ішінде №1 перзентхананың жаңа корпусы бой көтеріп, медициналық қызмет көлемін жылына 11 мыңнан 14 мыңға дейін, ал босану санын 5 мыңнан 9 мыңға дейін арттыра алатын болды.

«Ақылды медицина» моделі

Мегаполис медицинасы денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңартумен қатар цифрлық технологияларды қарқынды енгізуде. 2025 жылы Алматыда Қазақстандағы алғашқы Almaty Digital Medical Center (ADMC) іске қосылды. Алматы қалалық Онкологиялық орталықта химиотерапиялық препараттарды дайындайтын роботтандырылған жүйе енгізілді.

Перинаталдық орталықта симуляциялық оқыту жүйелері, цифрлық басқару

элементтері және заманауи зертханалық диагностика дамытылуда. Оның үстіне, Денсаулық сақтау жүйесі дәстүрлі медициналық қызмет көрсетуден «ақылды медицина» (Smart Healthcare) моделіне көшіп жатыр. Телемедицина, жасанды интеллект, цифрлық құжат айналымы, биометриялық сәйкестендіру және роботтандырылған емдеу технологиялары басты бағыт саналады.

Жедел шұғыл көмек көрсету аурухана-сындағы жаңа инновация нақты мысал бола алады. Бұл – Қазақстанда тізе және жамбас буындарын эндопротездеуге арналған роботталған Stryker Mako жүйесі енгізілген алғашқы клиника. АҚШ, Еуропа және Азияның жетекші клиникаларында қолданылған инновация енді бізде де қолжетімді.

Жуырда осы ауруханаға британдық ортопед-хирург Джон Конрой келді. Ол – роботтың көмегімен жасалатын хирургия бағытындағы жетекші сарапшының бірі. Профессор Джон Конрой біздің дәрігерлердің кәсіби деңгейін жоғары бағалап, алматылық аурухананың заманауи ортопедиялық технологияны енгізуге әлеуеті зор екенін атады. Оның айтуынша, мұндай бастама өңірде роботтандырылған хирургияны дамытуға жол ашады.

Дәрігер дәйегі

«Қазір біздің робот көмекшіміз бар» дейді Алматы ҚЖШККА травматология және ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі Сағит Маханов. Оның айтуынша Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ауруханаға заманауи Stryker Mako келді. Бұл – америкалық Stryker компаниясының роботтандырылған хирургиялық жүйесі. Осы технологиямен жаһанның 45 елінде екі миллионнан астам операция жасалған. Оның дәстүрлі операциядан басты айырмашылығы – жасалу тәсілінде.

– Отаға дейін КТ-суреттер негізінде нақты үшөлшемді (3D) буын моделі жасалады. Хирург алдын ала сүйек құрылымын, импланттың ең тиімді орналасуын, орнату бұрышын толық көреді. Яғни есептеудің бәрі 99,9% дәлділікпен жасалады. Дәлдік – миллиметрге дейін. Нәтижесінде ота кезіндегі тілік кішірек болады, айналдағы тіңдер аз зақымдалады, операциядан кейінгі ауырсыну да аз болады, қалпына келу айтарлықтай жылдамырақ өтеді. Біз осылайша әлемдік хирургияның биігін бағындырамыз, – дейді дәрігер.

Нұржамал ӘЛІШ.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Шұғылада» жаңа емхана салынып жатыр

Қалада 2030 жылға дейін 32 жаңа медициналық нысан салынып, ескірген 14 емхана қайта жаңғыртылады. Осы ауқымды жоспардың бір бөлігі – «Шұғыла» шағынауданында бой көтеріп жатқан, күніне 500 адамды қабылдайтын заманауи емхана. Аталмыш жоба тұрғындардың сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттыруды көздейді.

Құрылыс жұмысына жауаптылардың айтуынша, қазір жұмыстың 38%-ы орындалды. Нысанның жыл соңында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Емханада 26 орынды күндізгі стационар мен оңалту орталығы қызмет көрсетеді. Ал дәрігерлердің кәсіби жиындарына арналған 166 орынды конференция зал қарастырылған. Гимараттың ішкі құрылымы заманауи талаптарға сай жобаланған. Тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігі үшін балалар мен ересектерге арналған кіреберістер бөлек жасалады. Бұл науқастар ағынын тиімді реттеп, кезек күтудегі қарбаласты азайтуға мүмкіндік береді.

«Жаңа емхана – аудандағы медициналық қызметке деген сұранысты едәуір жеңілдететін маңызды нысандардың бірі. Жоба құрылысын 2025 жылдың қараша айында бастадық, осы



жылдың қараша айында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отырмыз. Монолит жұмыстары мамыр айының соңына дейін толық аяқталады. Басқа да күрделі жұмыстар қатар атқарылып жатыр», – дейді Integra Construction KZ ЖШС-нің жоба жетекшісі Ердос Құдайбергенов.

Сондай-ақ, зертхана бөлімі толық автоматтандырылып, талдау нәтижелерін жедел әрі дәл алуға жағдай жасалмақ.

Алматы қаласы Тұрғын үй басқармасының бас маманы Айбек Қанайұлының сөзінше, жаңа емхана озық медициналық техникамен жабдықталады. Мұнда педиатрия, терапия, хирургия және әйелдер консультациясы бөлімдері, МРТ, КТ, маммография және флюорография кабинеттері ашылады. Сонымен қатар, 26 орынды күндізгі стационар мен оңалту орталығы қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ғимаратта барлық талапқа сай пандустар мен лифтілер орнатылады. Құрылыспен қатар, ауақты абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі.

Еске сала кетейік, қала бойынша жоспарланған 32 медициналық нысанның 10-ында құрылыс қарқынды жүріп жатыр.

Гүлжанат СЕМБАЕВА,
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ФОРУМ

Заманауи хирургия

Алматыда гастроэнтерология, колопроктология, педиатрия, хирургия және аралас салалардың жетекші мамандарының басын қосқан мерейтойлық X Ұлттық ішектің қабыну аурулары бойынша форум өтті.

Іс-шараны С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ, салалық кәсіби қауымдастықтар ұйымдастырды. Ресми ашылу қарсаңында Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы базасында «ІҚА заманауи хирургиясы: көрсеткіштен нәтижеге дейін» атты бірегей тәжірибелік шеберлік сабағы өткізілді.

Оның барысында күрделі хирургиялық операциялар тікелей эфирде (Live-хирургия) көрсетілді. Ұйымдастыру комитеті Крон ауруының асқынған түрлеріне шалдыққан пациенттерге жоғары деңгейдегі операциялар жасаған профессор Армен Варданянға (Мәскеу, РФ) ерекше алғыс білдірді.

Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасының орынбасары Жамиля Қайбуллаева: «ІҚА – пәнаралық

тұрғыдан аса күрделі сала. Таргеттік биологиялық терапия мен шағын молекулалар дәуірінің арқасында пациенттердің болжамы айтарлықтай жақсарды. Сонымен қатар, ерте диагностика, диагноз қоюдағы кідірісті азайту, заманауи терапия тұжырымдамаларын енгізу және тұрақты ремиссияға қол жеткізу сияқты жаңа міндеттер туындап отыр», – деді.

Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасы Рүстем Төлеутаевтың айтуынша, институтта клиникалық, білім беру және ғылыми жұмыстарды біріктіретін елдегі алғашқы Республикалық ІҚА орталығы құрылды. Гастроэнтерологияға үнемі инновацияларды енгізумен қатар, институт халықаралық зерттеулердің клиникалық базасы ретінде қызмет етеді және резиденттерді терапиялық бағыттар бойынша оқытатын академиялық клиника. Конференцияның негізгі спикерлері қатарында әлемдік деңгейдегі сарапшылар болды.

Ұлттық мерейтойлық форумда кәсіби қауымдастықтың үздік мамандары марапатталды.

Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

ҚУҒЫН-СҮРГІН САЛДАРЫ

Үш ұрпақтың тағдырына таңбасын басты

Бірде өршіп, бірде бәсеңдеген, әрісі Кеңестер Одағын оттай шарпыған, берісі Қазақстанның басты байлығы адамдарды баудай түсірген тоталитарлық қуғын-сүргін үш ұрпақтың тағдырына таңбасын басты. Оның Одақ бойынша баршаға ортақ сипаты қандай еді? Бір мақаламен сұрақты толық қамти алмаспыз. Дейтұрғанмен, олар біздің ойымызша, мынадай:

1. Қуғын-сүргін объективті қажеттіліктен туындаған жоқ. Ол мемлекеттік билікті кездейсоқ қолға алған әрі демократиясы жоқ ортада берері мол екенін ұға қалған ашкөз қауымның өзін-өзі қорғағаны. Бірде номенклатура, бірде саяси элита аталған бұл қауым барлық артықшылық пен жеңілдікті қарақан басына молынан пайдаланды. Партия басқарған бұл жүйенің мақсаты мен міндеттері бар жерде бірдей еді. Қазақстандағысының көрші Өзбекстан мен Ресейдегіден, іргесі болмаған Украина мен Кавказдағыдан тарыдай айырмашылығы болған жоқ. НКВД жүйесінде де ары таза, ерекше қабілетті жандар тобы еңбек еткенін бекерлесек, ақиқаттан аттаймыз. Сөйте тұра, кадрларды іріктеу мен орналастырудағы басымдық славян тегіне, бірінші кезекте орыстарға берілді.

2. Қуғын-сүргін барынша жабық әрі құпия режимде жүзеге асты. Оның кадрлық әлеуеті, ішкі құрылымы, қаржыландырылуы, құжаттары – бәрі-бәрі ешқашан және ешкімге қолжетімді болған емес. 1937 жылы НКВД-ның 20 жылдығын тойлаған салтанатты жиында партия қайраткері А.Микоянның: «Әрбір кеңес адамы – чекист» дегені бар.

Қуғын-сүргіннен, тоталитаризмнен теріс айналғанымызға 30 жылдан астам уақыт өтсе де, қылмысын әшкерелейтін тарихи құжаттар жабық күйде сақталуда. Миллиондардың өмірін жалмаған қылмыс тарихы ақтаңдақтардан арылмай әділетті қоғам құрылмайды.

3. Қуғын-сүргіннің нормативтік-құқықтық негіздері мен қолданылуы барлық республикаларда бірдей еді. Большевиктер тап осы мәселеде капитализмге соқпастан социализмге өту, ұлттардың өзін-өзі басқаруы сынды теориясымақтарын оп-оңай ұмыта салды. Ол-ол ма, «халық жауларын» қамайтын түрмелер, зорлықпен қоныс аударылғандар, депортацияланған халықтар саны бойынша Қазақстан, А.И.Солженицын жазғандай Каззекстанға айналды.

4. Әрқашан әділетсіздікпен, саяси-идеологиялық өктемдікпен және материалдық-тұрмыстық тапшылықпен толыққан қуғын-сүргін кеңес адамдардың менталитетін ұлттық табиғатынан ажыратты немесе ажыратуға шақ қалды. Қоғамдық-саяси тақырыптарға еркін ойлау түгілі ашыла сөйлеудің өзі қауіп-қатерге толы еді. Тоталитарлық темір ноқтаға көнгісі келмегендер – жазушы-



лар, ақындар, сазгерлер, ғалымдар эфемистік тілге сүйенді. Мұның тамаша үлгісіне Ильф пен Петровтың шығармаларын жатқызуға болады. Наразылықты астарлап жеткізу коммунист-суреткер С.Сейфуллинде де бар. Қуғын-сүргіннен туындаған мәңгүрттенген өмір салты, қарым-қатынас, тіпті сөздік қоры мен есімдер тоталитаризмнің әлеуметтік базасын кеңейтті. Homo soveticus терминінің пайда болуы әсте кездейсоқтық емес.

Қуғын-сүргіннің әлеуметтік салдары жалғыз бұл ғана емес. Солардың ішінде аса ауыры кезінде Абай айтқан елбасы мен топбасылардың, құқық қорғау күштік интеллигенцияның қалыптаспағаны. Басқа мамандар – агроном жерден өнім алып жатты, дәрігер ауруды емдеді, ұстаз білім берді, инженер зауыт-фабрикада еңбек етті. Ал жоғарыда аталған екі қауым ақиқатынан

мифі басым ресейлік коммунизм елесін қуумен басқалардан өзгешелеп тұратын әлеуметтік-кәсіби және мәдени-имандық қасиеттерін айырылды, шын мағынасындағы саяси-басқарушы және құқық қорғау зиялылары биігіне көтеріле алмады. Мәскеудің мақұлдауымен саяси және құқықтық-күштік номенклатураға кірсе де, ұлттық мүддені мезеттік мансап-лауазымнан жоғары қоя алған Т.Рысқұловты, Б.Момышұлын, Ж.Тәшеновті, І.Омаровты төбеге көтеруіміздің құпиясы – осы. Бетпердесі сыпырылған жемқорлықтың, кландық капитализмнің, екіжүзділіктің, мемлекеттік сатқындыққа барудың бастау-бұлағы отансүйгіштіктен жұрдай «елтұқалардың» азғындағанында.

Ханкелді ӘБЖАНОВ, ҰҒА академигі.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ ҚАСІРЕТІ

XX ғасырдың 30–50 жылдарында болған саяси қуғын-сүргін отандық тарихтың сыры мен шындығы ашылмаған ақтаңдақты мәселе екені сөзсіз. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2021 жылы құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия, өңірлік комиссиялар қызметі өз жұмысын тоқтатқанына қарамай қоғамның қызығушылығының бәсеңдемеуі дәлел. Мәселеге қоғам тарапынан да, зерттеушілер тарапынан да сұраныс жоғары.

Саяси қуғын-сүргін материалдары ұзақ жылдар зерттеушілер үшін жабық, құпия сақталды. Тіптен, саяси қуғын-сүргін құрбандары, олардың ұрпақтары ақиқатқа қол жеткізе алмай, шындықты айта алмай өмірден өтті. Процестің үнсіз куәгерлері архивтік-қылмыстық істерді ғылыми айналымға енгізу осы мәселедегі ақтаңдақтардан арылуға, күні бүгінге дейін белгісіз болып келген адамдардың есімдерін анықтап, жариялауға мүмкіндік беруде.

1937 жылы 5 шілдеде БКП (б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы «Отанын сатқан отбасы мүшелері туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыға сәйкес «әшкереленген оңшыл-троцкистік шпиондар, Отанын сатқандардың әйелдері лагерлерге кем дегенде 5–8 жылға отырғызылады», ал балалары – балалар үйі мен жабық интернаттарға жіберілді. Осы мақсатта Нарын өлкесі мен Қазақстанның Торғай ауданында арнайы лагерь ашу ұсынылды. Балаларды Москва, Ленинград, Киев, Тифлис, Минск, шекарада орналасқан қалалардан тыс жерлерге орналастыру қарастырылды. Солардың біреуі қазіргі Астананың түбінде 1937 жылы 15 тамызда құрылған еді. Ол Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР) атауымен тарихқа енді. Мұндағы сәби-

лер 3 жасқа толғанда анасынан ажыратылып, балалар үйіне жіберілетін. Ақмола лагерінде мыңдаған қыз-келіншек отырып, өз «жазаларын» өтеген. 1938–1953 ж.ж. аралығында лагерьде 18 мың әйел жазалау мерзімін өткерген екен. Араларында Т.Рысқұловтың, Т.Жүргеновтің, С.Асфендияровтың, т.б. тұлғалардың әйелдері болды.

1937 жылы 15 тамызда КСРО ИХК №00486 бұйрық шығарды. Бұл бұйрықта «Отанын сатқандардың» әйелдеріне қарсы шараларды жүзеге асыру тәртібі тиянақталды. Оларға ресми түрде «Отанын сатқан отбасы мүшесі» (ЧСИР) деген айып таңылды. Олар жаппай сайлау құқынан айырылды. Отанын сатқан отбасы мүшесі атауы өмір бойына таңба болып қалды, кәсіп таңдағанда, білім алғанда, тіптен тұратын жерге де әсер етті.

Тоталитарлық жүйенің тағы бір қитұрқы саясаты 1938 жылғы 27 тамыздағы ИХК циркуляр хатында көрініс тапты. Ол бойынша қамауға алынған адаммен, оның келісімінсіз біржақты ажырасуға рұқсат етілді. Осылайша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ер-азаматтардың әйелдерін моральдық-психологиялық жаңа жазаға ұшыратты.

1937–1938 ж.ж. «Үлкен террор» ИХК құрығына ілінген кешегі билік басындағылардың өмірін қиды, әйелдерін соттап, отбасын тентіретіп жіберді. Бұлардың басына түскен қасіреттің ауқымы мен зардабын елестету үшін 1–2 мысал келтіруге болады. 1937 ж. күзіне қарай Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің төрағасы, яғни мемлекет басшысы Ұ.Құлымбетов тұтқындалды. Содан кейін көрген күндерінің қысқа ғана сәтін қызы Орынша апай былайша еске түсіреді: «Күн сайын көрші-қолаң, туматуыстардан ер адамдарды ұстап, түрмені толтырып жатыр деп естиміз. Бір күні кезек жиеніміз Таңатарға, Әиештің сінлісі Кеніштің күйеуі Сердалыға келді. Қамауға алынып жатқандардың көбісі – Құлымбетовпен бірге оқып, қызметтес болғандар немесе оның қолынан Қазақстанның он бес жылдығына

арналған значок алғандар. Енді біреулері – әйелінің не өзінің туысы. Кейбіреулері ауыздарынан қағынып, Құлымбетовтің үйіне бармаса да, «бардым» деп мақтанғаны үшін де ұсталыпты».

Қазақ әйелінің асыл қасиеттерін ашқан құжат көп. Олар қандай қапаста отырса да, алдымен баласын, құдай қосқан қосағын, туған-туыстарын ойлады. Отанын сатқан отбасының мүшесі айыптауымен соттала тұрып, тергеуде де, сот үстінде де, мерзімін өтеп жүргенде де күйеуі, өзі – ешқайсысы контрреволюционер-ұлтшыл еместігін қаймықпай айта алғанын ерлік деп бағалауымыз керек. Басым бөлігі екінші рет тұрмысқа шықпастан дүниеден өтті. Бұлардың биік рухани-имандық адалдықтары балаларын нағыз азаматтық ұстанымда тәрбиелегенінен көрініп тұр.

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырын зерделеу мынадай қорытынды жазауға болады. Біріншіден, біз қарастырып отырған саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырындағы ортақтық «Отанын сатқан отбасы мүшесі» болуы. Олардың барлығына бірдей жалған айып тағылған. Алайда, бұлардың бірде-бірі «кінәсін» мойындамаған. Екіншіден, қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесі қиын да күрделі жүзеге асқанын байқаймыз. Жазалауға келгенде көз ілеспейтін жылдамдықпен жұмыс істеген күштік құрылымдар адамдарды ақтауға келгенде еш асықпады. Үшіншіден, құжаттар сол бір қасіретті жылдарда күштік құрылымдар мен сот жүйесі шындыққа тікелей қараудан мүлде алыстағанын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты құжаттарды байыппен, жіті зерттеу талай ақиқатты ашуға, ақтаңдақтарды жоюға, жаңа есімдерді анықтауға мүмкіндік берері сөзсіз.

Гүлшат Рамазанқызы НҰРЫМБЕТОВА, саяси ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

«Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ Алматы қаласының бас жоспарын түзетуді стратегиялық экологиялық бағалау шеңберінде ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірлік: Алматы қаласы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°13'35.84"С, 76°54'8.50"Ш.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін орны, күні мен басталу уақыты: 2026 жылғы 30 маусым, сағат 09.00-де, мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғылы, 90, конференцзал (қатысушыларды тіркеу сағат 08.00-де басталады).

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференцбайланыс) өткізіледі. Бейнеконференцбайланыс (ZOOM) платформасына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/990740001176>, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90-ғимарат, тел.: +7 (727) 240-80-02, эл.пошта: uaig@mail.kz, сайт: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uaig?lang=ru>.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Алматы бас жоспары» ғылыми-зерттеу институты) ЖШС, БСН: 090340006997, мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90-ғимарат, тел.: +7 (727) 265-90-01, эл.пошта: gr@almatygenplan.kz, «Джунусова» ЖК (Гульнара Алеевна Джунусова), мекенжайы: Алматы қ., Декарт көшесі, 7/2 үй. Телефон: 8 777 389 44 20. Эл.пошта: ip_junussova@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын жобалық құжаттама топтамасымен Бірыңғай экологиялық порталда: <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/details/37013?lang=ru> және «Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ-нің <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uaig?lang=ru> ресми интернет-ресурсында танысуға болады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы қосымша ақпаратты алу, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін мына мекенжайларға жүгінуге болады: gr@almatygenplan.kz, ip_junussova@inbox.ru.

Барлық ескерту және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, Бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ келесі электрондық пошталар арқылы қабылданады: hearings.ndbecology.gov.kz; uprrip@mail.ru, немесе қағаз түрінде мына мекенжай бойынша: Алматы қ., Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 272-54-94.

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» КММ, мекенжайы: ҚР, 050000, Алматы қ., Республика алаңы, 4, сайт: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco?lang=ru>, электрондық пошта: ecology@almaty.gov.kz, тел.: +7 (727) 338-32-15.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 мамырдағы
№2/195-706 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 17 ақпандағы №34.6-6-34.05/406-И және 2025 жылғы 29 сәуірдегі №34.6-34.05/1155-И хаттары негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шығыс қақпасы» полиорталығына шығатын жолды Бұқтырма көшесіне дейін ұйымдастыру үшін, Алматы қаласы, Түркістан ауданы, «Қайрат» шағынауданында орналасқан 197 (жүз тоқсан жеті) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
- 2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 мамырдағы
№2/195-706 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«BM Logistics Ltd.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-105-015	«Нұршашқан» шағынауданы, 4	жалпы-1,5000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2952
2	«Universal – Build» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-105-033	«Нұршашқан» шағынауданы, 6	жалпы-2,0000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2184
3	Зизина Татьяна Васильевна	20-317-105-047	«Қайрат» шағынауданы, Тұлпар көшесі	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0277
4	«Sword Industries» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-105-117	«Қайрат» шағынауданы, 282	жалпы-3,2500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0726
5	Даирманова Гульмира Адилкановна	20-317-105-173	«Қайрат» шағынауданы, Көрімдік көшесі, 36, 1 пәтер	жалпы-0,1391 үлесі-0,0273
6	Шунбаев Мухаметнур Кадырходжаевич	20-317-105-173	«Қайрат» шағынауданы, Көрімдік көшесі, 36, 2 пәтер	жалпы-0,1391 үлесі-0,0441
7	Казангапов Улан Енсебаевич	20-317-105-173	«Қайрат» шағынауданы, Көрімдік көшесі, 36, 3 пәтер	жалпы-0,1391 үлесі-0,0248
8	Сулайманов Ахметжан Тохсунович	20-317-105-173	«Қайрат» шағынауданы, Көрімдік көшесі, 36, 4 пәтер	жалпы-0,1391 үлесі-0,0429
9	Кожажулов Тохтанали	20-317-105-175	«Қайрат» шағынауданы, Көрімдік көшесі, 10	жалпы-0,0675 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0144
10	«Aesthetics Group (Эстетикс Групп)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-105-196	«Қайрат» шағынауданы, Тұлпар көшесі, 21 учаске	жалпы-0,1200 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0303
11	Суртаева Акжолтай Асылевна	20-317-105-201	«Қайрат» шағынауданы, 29 учаске	жалпы-0,0600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0140
12	Касенгазиева Шолпан Алтаевна	20-317-105-207	«Қайрат» шағынауданы, Көрімдік көшесі, 22	0,1002
13	Керимбаева Мервет Ербұсыновна	20-317-105-210	Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 490 учаске	жалпы-3,0500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4000
14	Рахимжанов Алимжан Рахимжанович	20-317-105-246	«Қайрат» шағынауданы, 5/6 учаске	жалпы-0,2600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0043
